

ISSN: 2788-9718 (online)

ISSN: 1814-6961 (Print)

**Отан тарихы**  
**Отечественная история**  
**History of the Homeland**

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал  
2024. № 27 (4)

---

## Редакция

### Бас редактор

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры (Алматы қ., Қазақстан)

E-mail: kabulzia@rambler.ru Тел.: +77014070164

Профиль сілтемесі: <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56195670100>

### Редакциялық алқа

Аяған Бүркітбай Фелманұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары (Астана, Қазақстан) Scopus Author ID: 5865559700; ORCID

Әбусейітова Меруерт Қуатқызы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының тарихи материалдарды зерттеу жөніндегі Республикалық орталығының директоры (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57208107912; ORCID

Әбіл Еркін Аманжолұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Мемлекет тарихы институтының директоры (Астана, Қазақстан); Scopus Author ID: 55801644900; ORCID

Әжіғали Серік Ескендірұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Шығыс елдері архитектурасы Халықаралық академиясының корр.-мүшесі; Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57478728700; ORCID

Әлімбаев Нұрсан, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 55860087100; ORCID

Вильмено Анне-Мари, антропология докторы, Лувен католик университетінің профессоры (Лувен, Бельгия); Scopus Author ID: 36679419300; ORCID

Крупа Татьяна Николаевна, эксперименталды археология ғылыми-зерттеу лабораториясының ғылыми қызметкері, Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Margulan Centre, «YMAI» Халықаралық ғылыми-зерттеу лабораториясының жетекшесі (Қазақстан – Украина); ORCID

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қыпшақтану Халықаралық институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57193858171; ORCID

Кушқумбаев Айболат Қайырсымұлы, тарих ғылымдарының докторы, бас ғылыми қызметкер, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің аймақтану кафедрасының профессоры (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57202775542; ORCID

Мионг Сун-ок, антропология докторы, профессор (Сеул, Корея); Scopus Author ID: 56720218700; ORCID

Моррисон Александр, PhD, NewCollege профессоры, Оксфорд (Оксфорд, Ұлыбритания); Scopus Author ID: 35794760200; ORCID

Мотузайте-Матузевичюте, Гидре, Археология докторы, профессор, "Биоархеология" ғылыми орталығының жетекшісі, Вильнюс университеті. Вильнюс қ., Литва; Scopus Author ID: 25225880890; ORCID

Муминов Әшірбек Құрбанұлы, тарих ғылымдарының докторы, арабист, профессор, ИКҰ (Орталық Азия) ұйымдастыру қызметінің бас директорының кеңесшісі (Стамбул, Түркия); Scopus Author ID: 56409722900; ORCID

Мұқтар Әбілсейіт Қапизұлы, «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Scopus Author ID: 57193092619; ORCID

Оно Рюосукэ, тарих ғылымдарының докторы, Васеда университетінің антропологы (Токио, Жапония);

Отенова Гульфира Елубаевна, Тарих ғылымдарының докторы, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің профессоры Павлодар қ., Қазақстан; Scopus Author ID: 57194518893; ORCID

Оутрам Алан, археология ғылымдарының докторы, профессор, археология және тарих департаменті, Эксетер университеті (Эксетер, Ұлыбритания); Scopus Author ID: 8954776500; ORCID

Өмер Құл, әлеуметтік ғылымдар докторы, Стамбул университетінің профессоры (Стамбул, Түркия); ORCID

Петер Финке, PhD, Макс Планк атындағы Институтының профессоры, Цюрих университеті (Цюрих, Швейцария); Scopus Author ID: 55124700300

Садвокасова Закиш Төлеханқызы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 56682843400; ORCID

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Италияның Болонья Ғылым Академиясының мүше корреспонденті, ҚР Ұлттық музейінің физикалық антропология лабораториясының меңгерушісі (Астана, Қазақстан); Scopus Author ID: 22979625700; ORCID

Уяма Томохико, PhD, Хоккайдо университетінің Славян-Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Саппоро, Жапония); Scopus Author ID: 56471951500; ORCID

Финке Петер, доктор PhD, профессор Института Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария, Цюрих); Scopus Author ID: 55124700300; ORCID

### Жауапты редактор

Мұқанова Гүлнар Қайроллақызы

### Ғылыми редакторлар

Қасымова Дидар Бейсенғалиқызы

Әбікей Арман Мұратұлы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

### Техникалық хатшы

Зікірбаева Венера Серікқызы

Копеева Сания Жуматайқызы

## Редакция

### Главный редактор

*Кабульдинов Зиябек Ермуханович* – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова (г. Алматы, Казахстан). E-mail: kabulzia@rambler.ru; Scopus Author ID: 56195670100; ORCID.

### Члены редакционной коллегии

*Абиль Еркин Аманжолович*, доктор исторических наук, профессор, директор Института Истории государства РК (Республика Казахстан, Астана); Scopus Author ID: 55801644900; ORCID

*Ажигали Серик Ескендинович*, доктор исторических наук, профессор, Главный научный сотрудник, почетный заведующий отделом этнологии и антропологии Института Истории и этнологии (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 57478728700; ORCID

*Абусейтова Меруерт Хуатовна*, доктор исторических наук, профессор, член-корреспондент Национальной академии наук РК; директор Республиканского информационного центра по изучению исторических материалов (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 57208107912; ORCID

*Алимбай Нурсан*, кандидат исторических наук, профессор; Главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 55860087100; ORCID

*Аяган Буркитбай Гелманович*, доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства, (г. Астана, Казахстан); Scopus Author ID: 58655559700; ORCID

*Вильмено Анне-Мари*, доктор антропологии, профессор Католического университета Лувен, (Бельгия, Лувен); Scopus Author ID: 36679419300; ORCID

*Исмагулов Оразак Исмагулович*, доктор исторических наук, профессор, академик Национальной академии наук РК, член-корр. Болонской АН (Италия), заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК (Республика Казахстан, Астана); Scopus Author ID: 22979625700; ORCID

*Крупа Татьяна Николаевна*, научный сотрудник Научно-исследовательской лаборатории экспериментальной археологии, Павлодарский педагогический университет им. А. Маргулана, Margulan Centre, заведующая Международной научно-исследовательской лабораторией «YMAI» (Казахстан – Украина); ORCID

*Кумеков Болат Ешмухамбетович*, доктор исторических наук, профессор, академик Национальной академии наук РК; директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Алматы) Scopus Author ID: 57193858171; ORCID

*Кушкумбаев Айболат Кайрслямович*, доктор исторических наук, главный научный сотрудник, профессор кафедры регионоведения Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Астана); Scopus Author ID: 57202775542; ORCID

*Мионг Сун-ок*, доктор антропологии, ассоциированный профессор (Корея, Сеул); Scopus Author ID: 56720218700; ORCID

*Моррисон Александр*, PhD, профессор NewCollege, Оксфорд (Великобритания, Оксфорд); Scopus Author ID: 35794760200; ORCID

*Мотузаите-Матузевичюте, Гидре*, Доктор археологии, профессор, руководитель Научного центра «Биоархеология» Вильнюсского университета, г. Вильнюс, Литва; Scopus Author ID: 25225880890; ORCID

*Муктар Абильсеит Капизович*, Директор РГКП «Государственного историко-культурного музей-заповедник «Сарайшык», доктор исторических наук, профессор; Scopus Author ID: 57193092619; ORCID

*Мунинов Аширбек Курбанович*, доктор исторических наук, арабист, профессор; Консультант Генерального директора по организационной деятельности ОИК (Центральная Азия), (Турция, Стамбул); Scopus Author ID: 56409722900; ORCID

*Омер Кул*, доктор социальных наук, профессор Стамбульского университета; (Турция, Стамбул); ORCID

*Оно Рюосуке*, доктор исторических наук, антрополог Университет Васеда (Япония, Токио);

*Отепова Гульфира Елубаевна*, Доктор исторических наук, профессор Павлодарского педагогического университета им. А. Маргулана. г. Павлодар, Казахстан; Scopus Author ID: 57194518893; ORCID

*Оутрам Алан*, доктор археологии, профессор департамента археологии и истории университета Эксетер (г. Эксетер, Великобритания); Scopus Author ID: 8954776500; ORCID

*Садвокасова Закиш Тулехановна*, доктор исторических наук, профессор; Главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 56682843400; ORCID

*Уяма Томохико*, PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований Университета Хоккайдо (Япония, Саппоро); Scopus Author ID: 56471951500; ORCID

*Финке Петер*, доктор PhD, профессор Института Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария, Цюрих); Scopus Author ID: 55124700300

### Ответственный редактор

Муканова Гюльнар Кайроллиновна

### Научные редакторы

Касымова Дидар Бейсенгалиевна

Абикей Арман Муратович

Мурзаходжаев Куаньш

### Технический секретарь

Зикирбаева Венера Сериковна

Копеева Саня Жуматаевна

## Editorial Team

### *Editor-in-Chief*

*Kabuldinov Ziyabek Ermukhanovich* – Doctor of Historical Sciences Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, general Director of Valikhanov Institute of History and Ethnology (Almaty, Kazakhstan) E-mail: [kabulzia@rambler.ru](mailto:kabulzia@rambler.ru)

Profile link: <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56195670100>

### *Editorial board members*

*Abil Erkin Amanzholovich*, doctor of historical sciences, professor, director of the of the Institute of history of state of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana); Scopus Author ID: 55801644900; ORCID

*Abusseitova Meruert Khuatovna*, doctor of historical sciences, professor, corresponding member of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan; director of the Republican information center for studies of the historical materials (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 57208107912; ORCID

*Alimbay Nursan*, candidate of historical sciences, professor; chief researcher of the C. Valikhanov Institute of history and ethnology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty). Scopus Author ID: 55860087100; ORCID

*Ayagan G. Burkhitbay*, Professor of History, Deputy Director of the Institute of State History Institute of Republic of Kazakhstan, (Astana, Kazakhstan); Scopus Author ID: 58655559700; ORCID

*Azhigali Serik Yeskendirovich*, doctor of historical sciences, professor, chief researcher, emeritus head of the department of ethnology and anthropology of the Institute of history and ethnology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 57478728700; ORCID

*Ismagulov Orazak Ismagulovich*, doctor of historical sciences, professor, academician of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan, corresponding member of the Bologna Academy of sciences (Bologna, Italy), head of the physical anthropology laboratory of the National museum of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana); Scopus Author ID: 22979625700; ORCID

*Krupa Tatiana Nikolaevna*, Researcher at the Research Laboratory of Experimental Archaeology, Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan, Margulan Centre, Head of the International Research Laboratory “YMAI” (Kazakhstan – Ukraine); ORCID

*Kumekov Bolat Eshmukhambetovich*, doctor of historical sciences, professor, academician of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan; director of the Internal institute of Kypshak studies of the al-Farabi Kazakh national university, professor of Gumilev L. Eurasian national university (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 57193858171; ORCID

*Kushkumbayev Aibolat Kairslyamovich*, doctor of historical sciences, chief researcher of the regional studies department of the Gumilev L. Eurasian national university (Republic of Kazakhstan, Astana); Scopus Author ID: 57202775542; ORCID

*Morrison Alexander*, PhD, professor New College, Oxford (Great Britain, Oxford); Scopus Author ID: 35794760200; ORCID

*Motuzaitė-Matuzevičiūtė*, Giedre, Professor (Archaeology), Full Professor, a head of Bioarchaeology Research Centre at Vilniaus Universitetas, Vilnius, Lithuania; Scopus Author ID: 25225880890; ORCID

*Muktar Abilseit Kapizovich*, Director of the State Historical and Cultural Museum-preserve “Saraishyq” - Doctor of Historical Sciences, Professor: Scopus Author ID: 57193092619; ORCID

*Myong, Soon-ok*, doctor of anthropology, associate professor (Republic of Korea, Seoul); Scopus Author ID: 56720218700; ORCID

*Muminov Ashirbek Kurbanovich*, doctor of historical sciences, arabist, professor; consultant of the General director on organizational affairs OIC (Central Asia), (Turkey, Istanbul); Scopus Author ID: 56409722900; ORCID

*Omer Cul*, doctor of social sciences, professor of Istanbul university (Turkey, Istanbul); ORCID

*Ono Ryosuke*, PhD, anthropologist Waseda University (Japan, Tokyo);

*Otepova Gulmira Elubayevna*, Doctor of Historical Sciences, Professor Pavlodar Pedagogical University, Pavlodar, Kazakhstan; Scopus Author ID: 57194518893; ORCID

*Outram Alan*, Doctor of archeology, professor, Department of Archaeology and History, University of Exeter (Exeter, UK); Scopus Author ID: 8954776500; ORCID

*Peter Finke*, PhD, professor of the Max Planck institute, Zurich university (Switzerland, Zurich); Scopus Author ID: 55124700300; ORCID

*Sadvokassova Zakish Tleukhanovna*, doctor of historical sciences, professor; chief researcher of the C.C. Valikhanov Institute of history and ethnology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 56682843400; ORCID

*Uyama Tomohiko*, PhD, professor of the Slavic-Eurasian researches Center of Hokkaido University (Japan, Sapporo); Scopus Author ID: 56471951500; ORCID

*Vuilleminot Anne-Marie*, doctor of anthropology, professor of the Catholic university of Luven, (Belgium, Luven); Scopus Author ID: 36679419300; ORCID

### **Executive Editor**

Mukanova Gyulnar

### **Scientific Editors**

Kassymova Didar

Abikey Arman

Murzakhodzhayev Kuanysh

### **Technical secretary**

Zikirbayeva Venera Serikovna

Kopeyeva Saniya Zhumataevna



Published in the Kazakhstan  
Otan tarikhу  
Has been issued as a journal since 1998  
ISSN: 2788-9718 (Online)  
Vol. 27. Is. 4, pp. 1068-1087, 2024  
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>

FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.20.  
[https://doi.org/10.51943/2788-9718\\_2024\\_27\\_4\\_1068-1087](https://doi.org/10.51943/2788-9718_2024_27_4_1068-1087)

## ҚАЗАҚ ДЕПУТАЦИЯСЫ РЕСЕЙ ИМПЕРАТОРЫНЫҢ САРАЙЫНДА: ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТЫҢ СИПАТТАМАСЫ (XIX ҒАСЫР)

Сайфулмаликова Сабира Сабытханқызы<sup>1\*</sup>, Жолсейтова Мағрипа Аждаханқызы<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті  
(13-үй, Достық даңғ., 480100 Алматы, Қазақстан Республикасы)  
Тарих ғылымдарының докторы  
<https://orcid.org/0000-0002-6470-4037>. E-mail: [sabirasha@mail.ru](mailto:sabirasha@mail.ru)

\*Автор-корреспондент

<sup>2</sup>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
(29-үй, Бекзат Саттарханов көш., 161200 Түркістан, Қазақстан Республикасы)  
Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент  
<http://orcid.org/0000-0001-7296-2653>. E-mail: [mzholseytova@ayu.edu.kz](mailto:mzholseytova@ayu.edu.kz)

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2024  
© Сайфулмаликова С.С., Жолсейтова М., 2024

**Аңдатпа.** *Kіріспе.* Мақалада XVIII аяғы-XIX ғасырдағы Ресей императорының сарайында болған қазақ депутаттарының тарихы архив құжаттары, мерзімдік баспасөз дерегі, негізгі зерттеулер негізінде талданады. *Мақсаты мен міндеттері.* XIX ғасырдағы Ресей императорларының Мәскеудегі ұлықтау салтанатына, императордың некелесу салтанатына және Санкт-Петербургтегі император сарайына барған қазақ депутаттарының тарихына талдау жасау. *Материалдар мен әдістер.* Зерттеудің әдіснамалық негізі әлеуметтік топтарды зерттеуге негізделген. Зерттеуде келесі әдістер қолданылды: ретроспективтік, тарихи-салыстырмалы, тарихи-генетикалық. *Нәтижелер.* XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақ депутаттары Ресей империясы жүргізген реформаларға ашық түрде қарсылық көрсетті. Ресей енгізген реформалар, хандық биліктің жойылуы қазақтарды марапаттау атрибуттарына өзгеріс енгізді. XIX ғасырдың екінші жартысында депутаттардың ұлттық, әлеуметтік құрамы өзгерді. Депутаттар қоғамда болып жатқан өзгерістерге өз көзқарасын ашық білдірмеді. *Қорытынды.* Қазақ депутаттарының патша ұлықтауына алғаш қатысу тарихы Жәңгір ханнан басталды. XIX ғасырдың бірінші жартысында Ресей империясы дала дәстүріне сәйкес депутаттар құрамында сұлтандар әлеуетінің көбірек болуына басымдылық берді. Қазақ өлкесінің Ресей империясының қосылу процессінің аяқталуымен депутаттарда болыснайлар, жаңа форматтағы шенеуліктер, оқу орындарының шәкірттері де болды.

**Түйін сөздер:** Санкт-Петербург, Мәскеу, Ресей императорлары, қазақ депутаттары, ұлықтау салтанаты, сұлтандар



**Дәйексөз үшін:** Сайфулмаликова С., Жолсейтова М. Қазақ депутациясы Ресей императорының сарайында: өзара байланыстың сипаттамасы (XIX ғасыр) // Отан тарихы. 2024. Т. 27. № 4. Б. 1068-1087. (Қаз.).  
DOI: 10.51943/2788-9718\_2024\_27\_4\_1068-1087

## КАЗАХСКАЯ ДЕПУТАЦИЯ ВО ДВОРЦЕ РОССИЙСКОГО ИМПЕРАТОРА: ОПИСАНИЕ ВЗАИМОСВЯЗИ (XIX ВЕК)

*Сабира Сабытхановна Сайфулмаликова<sup>1\*</sup>, Мағрипа Аждахановна Жолсейтова<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
(д. 13, просп. Достық, 480100 Алматы, Республики Казахстан)

Доктор исторических наук

<https://orcid.org/0000-0002-6470-4037>. E-mail: [sabirasha@mail.ru](mailto:sabirasha@mail.ru)

\*Автор-корреспондент

<sup>2</sup>Международный казахско-турецкий университет им. Ахмеда Ясави,  
(д. 29, ул. Бекзата Саттарханова, 161200 Туркестан, Республики Казахстан)

Кандидат исторических наук, доцент

<http://orcid.org/0000-0001-7296-2653>. E-mail: [mzholseytova@ayu.edu.kz](mailto:mzholseytova@ayu.edu.kz)

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2024

© Сайфулмаликова С., Жолсейтова М., 2024

**Аннотация.** *Введение.* В статье анализируется история казахских депутатий, посетивших Дворец российских императоров в конце XVIII века- и в XIX веке, на основе архивных документов, исторических исследований и периодических изданий. *Цель и задачи.* Анализировать историю казахской депутатии посетивших Москву церемонию коронации российских императоров, церемонии бракосочетания императора и императорский дворец в Санкт-Петербурге. *Материалы и методы.* Методологическая основа исследования базируется на изучении социальных групп. В исследовании применялись методы: ретроспективный, историко-сравнительный, историко-генетический. *Результаты.* В первой половине XIX века казахская депутатия открыто выступала против реформ, проводимых Российской империей. Отмена ханской власти внесли изменения в атрибуты награждения казахов. Во второй половине XIX века изменился национальный и социальный состав депутатии. В этот период депутатия не имела широкой возможности выразить взгляды на изменения, происходящие в обществе. *Заключение.* Джангир-хан был первым из казахских депутатии, принявший участие в коронации императора. В первой половине XIX века Российская империя по степной традиции отдавала приоритет большему потенциалу султанов в депутатии. С завершением процесса присоединения Казахской степи к Российской империи в состав депутатии вошли волостные, чиновники нового формата и учащиеся учебных заведений. **Ключевые слова:** Санкт-Петербург, Москва, Российские императоры, казахская депутатия, коронация, султаны

**Для цитирования:** Сайфулмаликова С.С., Жолсейтова М.А. Казахская депутатия во Дворце Российского императора: описание взаимосвязи (XIX век) // Отан тарихы. 2024. Т. 27. № 4. С. 1068-1087. (на Каз.). DOI: 10.51943/2788-9718\_2024\_27\_4\_1068-1087



## KAZAKH DELEGATION IN THE PALACE OF THE RUSSIAN EMPEROR: DESCRIPTION OF THE RELATIONSHIP (XIX TH CENTURY)

Sabira Sabytkhanovna Saifulmalikova<sup>1\*</sup>, Magripa Azhmahanovna Zhohseitova<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University  
(13, Dostyk Ave., 480100 Almaty, Republic of Kazakhstan)  
Doctor of Historical Sciences  
<https://orcid.org/0000-0002-6470-4037>. E-mail: [sabirasha@mail.ru](mailto:sabirasha@mail.ru)  
\*Correspondent author

<sup>2</sup>Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University  
(29, Bekzat Sattarkhanov St., 161200 Turkestan, Republik of Kazakhstan)  
Candidate of Historical Sciences, Associate Professor  
<http://orcid.org/0000-0001-7296-2653>. E-mail: [mzhohseytova@ayu.edu.kz](mailto:mzhohseytova@ayu.edu.kz)

© Valikhanov IHE, 2024

© Saifulmalikova S.S., Zhohseitova M., 2024

**Abstract.** *Introduction.* Article analyzes history of Kazakh deputations that visited Palace of Russian Emperors at end of XVIII and in XIX century, based on archival documents, historical research, periodicals. *Purpose and objectives.* To analyze history of Kazakh deputation who visited Moscow for coronation ceremony of Russian emperors, wedding ceremony of emperor, Imperial Palace in St. Petersburg. *Materials and methods.* Methodological basis of research based on study of social groups. Following methods were used in study: retrospective, historical-comparative, historical-genetic. *Results.* In first half of 19th century, Kazakh deputation openly opposed reforms carried out by Russian Empire. Abolition of Khan's power has made changes to attributes of awarding Kazakhs. In second half of nineteenth century, national, social composition of deputation changed. During this period, deputation did not have wide opportunity to express views on changes taking place in society. *Conclusion.* Dzhangir Khan was first Kazakh deputy to take part in coronation of emperor. In first half of 19th century, Russian Empire, according to steppe tradition, gave priority to greater potential of sultans in deputation. With completion of annexation process of Kazakh steppe to Russian Empire, deputation included volosts, officials of new format, students of educational institutions.

**Keywords:** St. Petersburg, Moscow, Russian emperors, Kazakh deputation, coronation, sultans

**For citation:** Saifulmalikova S.S., Zhohseitova M.A. Kazakh delegation in the palace of the Russian emperor: description of the relationship (XIX th century) // Otan tarihy. 2024. Vol. 27. № 4. Pp. 1068-1087. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2788-9718\_2024\_27\_4\_1068-1087

**Кіріспе.** ХУІІІ екінші жартысы-ХХ ғасырдың бас кезеңінде қазақ депутациясы Мәскеу, Санкт-Петербургке арнайы шақырылды. Орыс билігі қазақтардың император сарайына бару мақсатын өркениетті Ресейдің өмір салты мен тұрмысымен таныстыру деп бағалады. Бұл шын мәнінде Ресей империясы мен қазақ қоғамы арасындағы өзара іс-қимылдың құралы болатын және саясаттағы стратегия мен тактика еді. Депутация құрамы жергілікті отарлаушы әкімшілік шешімімен құрылғанымен, кейде аға сұлтан, сұлтан правительдердің ұсынысы да ескерілетін. Қазақтар Ресей императорларының 1826, 1856, 1883, 1896 жылғы салтанатты ұлықтауларына, 1913 жылғы Романовтар әулетінің 300 жылдық мерекесіне қатысты. ХІХ ғасырдың екінші жартысында қазақ элитасы Ресей императорлары монументтерінің салтанатты ашылуларына, жалпыресейлік көрмелерге шақырылды. Қазақстан тарихнамасында қазақ депутацияларының осы салтанатты мейрамға қатысу тарихына қатысты зерттеулердің



жоқ екендігін атап өткен жөн. Мақалда XIX ғасырдағы Ресей императорларының ұлықтауына қатысқан қазақ депутацияларының тарихы баяндалады.

**Материалдар мен зерттеу әдістері.** Мақала Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің 4-қорындағы 3519, 2983-істер мен 33-қордағы 410-істерге және Б.Н.Ельцин атындағы Президенттік кітапханадағы Ресей мемлекеттік әскери-тарихи архивінің 5-қорындағы 83-істерге дәйектелді. Бұл құжаттар қазақ депутациясының құрамын көрсетуге және қазақтардың Ресей империясына қойған талаптарын талдауға негіз жасады. 2020 жылы Б.Т. Жанаевтың құрастыруымен 1800-1873 жылдар аралығында Ресейге барған қазақ депутацияларының тарихына қатысты құжаттар жинағы шықты, бірақ өкінішке орай жинаққа барлық депутацияға қатысты құжаттар енген (Жанаев, 2020: 3-45). Бұл жинақтағы құжаттар мәселені объективті тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді. Тарихи деректің бір түрі мерзімдік баспасөз материалдары, олар болған оқиғаны нақты баяндаумен қатар, саяси процеске қатысушы актор, яғни белсенді субъектілердің іс-әрекеттерін бағалауда да үлкен маңызы бар. Мақалада Тургайская газета, Новое время, Киргизская степная газета, Особое прибавление к Акмолинским областным ведомостям газеттеріндегі императордың ұлықтауына қатысқан қазақ депутациясы туралы деректер ғылыми айналымға енгізілді.

Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдамасын жасауда жаңа әлеуметтік тарихтың күнделікті өмір тарихы бағытын негізге алдық. Император сарайына барған қазақ депутациясының ұжымдық, саяси бейнесін жасай отырып, қазақ қоғамының әлеуметтік топтарын көрсету негізгі мақсатымыз болды. Жаңа әлеуметтік тарихтағы тарихи антропологиялық ұстаным негізінде зерттеу жүргізу әлеуметтік топтардың менталитеті, сыртқы келбеті, мінез-құлық ерекшеліктері, құндылық бағдарына қатысты көзқарастарын көрсетуге мүмкіндік берді. Тарихи үрдіске баға беруде тарихилық пен объективтілік принциптеріне сүйендік. Мақаланы жазуда ретроспективтік, салыстыру, тарихи-генетикалық әдістер негізге алынды. Салыстырмалы әдіс Ресей империясының депутация құрамындағы әр түрлі әлеуметтік топтарға қатысты ұстанған саясатын талдауға және оны салыстыруға мүмкіндік берді. Тарихи-генетикалық әдіске сүйену, Ресей империясының қазақтарды Санкт-Петербург, Мәскеуге шақыруға әсер еткен саяси факторларды көрсетуге, қазақ депутациясының құрамы және оларды марапаттау динамикасының тарихын нақтылауға негіз болды.

**Талқылау.** Ресей императорларының ұлықтауына қатысқан қазақтар туралы дерек, зерттеулерді бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады. Бірінші деректерде ұлықтау тарихы, атрибуттар, депутация құрамы көрсетілген (Жакмин, 1883: 499-538; Кувиченков, 1882: 43). Екіншісі, мерзімдік басылымдағы ұлықтауға қатысқан қазақтар мен ұлықтаудың жергілікті аймақтарда мерекеленуін баяндайтын мақалалар (Народы России, 1873: 74-79). Бұл мақалалар субъективті пікірімен ерекшеленеді. Ж. Норекеновтың жол сапар күнделігінде Санкт-Петербургтегі тарихы орындар, Қысқа Сарай резиденциясының ішкі, сыртқы құрылымы, император билігінің регалиясы, кавалегард қатары, Эрмитаж, Петропавл Сарайы, цирк суреттеледі (Норекенов, 1895: 1-2). XIX ғасырдағы кейбір еңбектер депутацияға қатысты визуалды деректерімен де қызықты. Қазақтардың патшаға жасаған сыйының сипаттамасы, депутацияның гравюра мен фотографияда бейнеленуімен құнды.

Ричард С. Уортман., Ю.А. Лысенко, В. Трепавлов еңбектерінде депутация тарихына қатысты сұрақтар қарастырылады. Ричард Уортман Ресей империясының ұлықтау символдарын, ритуал, таңба, мифология, саяси биліктің құрылымдық сценарийлерін талдаған (Уортман, 2004: 605, 790). XIX ғасырдағы Кіші жүз, Орта жүз, Бөкей Ордасынан аттанған депутацияның тарихы Ю.А.Лысенконың мақаласында баяндалған. Автор қазақ депутациясының Ресейге аттану мақсатын орыс-қазақ қарым-қатынасымен байланыстырады (Лысенко, 2018: 1518-1529). В.Трепавлов





ұлықтауға бұратана халық өкілдерінің қатысу мәселесін талдай отырып, бұл патша билігінің этникалық саясатының маңызды бағыты деген тұжырым жасайды (Трепавлов, 2020:164-175).

**Зерттеу нәтижелері.** Қазақ сұлтандарының Ресей императорының сарайына бару тарихы 1734 жылы Ералы сұлтанның Санкт-Петербургке келу тарихынан басталады. XVIII ғасырда бірнеше қазақ депутациясы император сарайында болды. XVIII аяғы - XIX ғасырдың бірінші жартысында депутация құрамында сұлтан, би, старшиндар болса, XIX ғасырдың екінші жартысында болыснай, оқу орындарының шәкірттері, ал Түркістан депутациясында қазақ, өзбек, қырғыз, түрікмен ұлтынан, мұсылман дінінен бір өкілден болатын. Депутация құрамы негізінен ер адамдардан тұрғанымен, кейбір депутацияларда әйелдер де болған еді. Профессор Ж.Б. Құндакбаева Тайқара ханым жолдасы Нұрмұхаммед Қожамен 1798 жылы 26 желтоқсанда Мәскеу, 31 желтоқсанда Санкт-Петербургте болғанын жазады (Құндакбаева, 2017: 133). Автор Тайқараның Санкт-Петербургтен 1799 жылдың 8 наурызында қайтқанын нақтылай түседі (Құндакбаева, 2017: 133). Тайқара ханым Санкт-Петербургте қаланың зайырлы өміріне белсене араласты. Театр қойылымдары, мұзды төбешік, қоғамдық маскарад, қыспен қоштасу мейрамы, императордың фарфор заводында болған (Құндакбаева, 2015:152). Қыспен қоштасу мейрамын Франция кардиналы Роганның сенімді өкілі Аббат Жан-Франсуа Жоржель былай сипаттайды: мереке Нева өзеніне қарсы Смольный монастыры маңында өтетін. Шеберханалар жұмысын тоқтатып, дүкендер жабылатын. Халық мұзға тігілген шатырдан тәттілер жеп, сусын ішіп, театр қойылымын, сарай сайқымазақтарын, аспалы арқандағы ойындарды тамашалайтын. Басты қызық мұзды төбешіктер болатын-деп жазады (Аббат Жоржель, 1878: 245). Аббат суреттеген мұзды төбешікті Тайқара ханым да тамашалап, мұздағы барлық көріністерді қызықтаған.

1826 жылы Жәңгір хан депутациясында ақсүйектер әдебін бойына сіңірген Фатима ханша болды (Қасымбаев, 2001: 53). 1883 жылы Санкт-Петербургте болған Орал облысының кіші көмекшісі Ержан Шолақов депутациясында оның туыстары Рухия Изамбаевна Шолақова, Қапура Ержановна Шолақова болған (Айтмұхамбетов, 2010: 91).

Қазақ депутациясы Санкт-Петербург, Мәскеуге Омбы, Троицк, Орынбор, Ташкент қалаларынан аттанатын. XIX ғасырдың бірінші жартысында Ресейге күймемен жетсе, XIX ғасырдың екінші жартысында темір жол транспортының қызметін пайдаланды. 1857 жылы қазақ депутациясы Нижний-Новгородтан, 1894 жылы Челябинск-Курган, Омск-Курган бағытынан темір жолмен аттанатын болды. 1895 жылы 7 қаңтарда Санкт-Петербургке аттанған депутацияның жол сапары, поездың жайлылығы мен жылдамдығы туралы Жақып Норекенов танданыспен жазды (Норекенов, 1895: 75).

XVIII ғасырда қазақ депутациясына ұлықтау салтанатына қатысуға рұқсат берілмейтін. Олар Мәскеудегі сакральді ритуалдардың біріне қатысып, императордың ауденциясына қабылданатын. Бұл кезеңде императордың ұлықтауына қатысуға Балтық провинциясындағы неміс көпестеріне, малоросс старшиндарына ғана рұқсат берілді. 1797 жылы I Павелдің ұлықтауына остзейлік фабриканттарға, көпестерге және Ресей империясына қосылған Қырымның алты татар мырзасына ғана рұқсат берілді-деп жазады Трепавлов (Трепавлов, 2020:167). Ресей империясының ұлықтау тарихында салтанатқа қатысуға түземдіктер арасынан алғаш рет Прибалтика, Қырым хандығының депутацияларына рұқсат берілді. Қазақ депутациясының ұлықтауға қатысуы 1826 жылдан басталады, салтанатқа алғашқы қатысқан-Жәңгір хан.

Архив қорында қазақ сұлтандарының Ресей императорының ұлықтауына қатысуға жазған өтініштері көп кездеседі. XIX ғасырдың бірінші жартысында Орта, Кіші жүз, Бөкей Ордасы сұлтандарының ұлықтауға қатысу туралы жасаған өтініштері қанағаттандырылмады. Ресей императоры қазақтарды ұлықтауға қатыстырмағанымен,



бірақ Санкт-Петербургке келуге мүмкіндік берді. 1801 жылы император І Александрдың ұлықтауына қатысуға Орта жүз сұлтаны Шаншар Сұлтымаметов өтініш білдіргенімен ұлықтау аяқталғаннан кейін шақырылды (Жанаев, 2020:19). Әрбір қазақ депутациясы Ресей императорына өтініш жасап, талап қойып отырды. Сұлтан Шаншардың Семияр мен Кривы форпосты аралығында мешіт тұрғызу өтініші бойынша Подпускный мен Кривы редуты арасында мешіт, үй салынды (Жанаев, 2020:24:36).

1803 жылы қаңтарда Орта жүз сұлтаны Жұма Құдаймендин 32 ру атынан, әрбір 3-4 ай сайын сарайға депутация жіберуді сұрады. Сұлтанның өтінішімен қыпшақ руының сұлтаны Жәңгір Қайып, керей руынан Жантілес Жанбеков, старшин Есмұрат Балтин, Жаманбай Тастеміровка Санкт-Петербургке келуге рұқсат берілді. Бұл депутация 23 тамызда император І Александрдың аудиенциясына қабылданды (Жанаев, 2020: 45).1805 жылы қаңтарда Орта жүздегі Бөкей сұлтан өтінішімен Қаракесек болысынан-Ғазы Бөкеев, Бөрінайман болысынан-Ғабидулла Құдаймендин, Пшан Оразов, старшин Лаузан Тағаев, Тоты Оразбаев, Байғара Егізекөв, Сатыбалды Анкишев, Айдарат Матбақин Санкт-Петербургте барды. Қазақ депутациясы Ресей империясының ішкі аймағына қыстауға өткен қазақтардан қазынаға 500 бас малдан - 1 бас мал алу, сауда керуендерін Ямышевск бекінісіне кіргізуді талап етті.

XIX ғасырда Ресейге келген әрбір қазақ депутациясы марапатталды, сұлтандарға берілетін сыйлық басқа әлеуметтік топтардан құндырақ және сыйлық құны жыл сайын өсіп отырды. 1801-1809 жылдары сұлтандар құны 200-300 рубль тұратын бриллиант сақина, бұлғын терісінен тігілген бас киім, 300 рубль күміс ақшамен марапатталса, 1810 жылдардан кейін алтын, күміс медаль, ақшалай сыйлық, әр түрлі қымбат мата кесіндісі, тон, шапандармен марапаттау, шендерін өсіру элементтері басымырақ болды. 1810 жылы Санкт-Петербургте Орта жүздегі Бөкей хан ұрпағы сұлтан Әли Кокшалов коллежский ассесор шенімен, Анненск лентасындағы алтын медаль, шекпен, бас киім, жібек белбеу, 1000 рубль ақшамен, ал Қазанғап Сатыбалдыұлы капитан шені, шекпен, бас киім және 500 рубль ақшамен марапатталды (История Казахстана, 2006: 172, 190). Сұлтандар сыйлығының құны 2 мыңнан - 6 мың рубль күміс ақшаға дейін жетсе, би, старшиндар сыйлығы 150 рубльден-1000 рубль күміс ақша болды. Ресей империясының медаль, ақшалай сыйлық беру тәжірибиесі сұлтандарды адалдыққа ынталандыруға, тәуелділікті қалыптастыруға, билікті күшейтуге бағытталған империялық саясаттың бір бағыты болатын. XIX ғасырдың 60-жылдарындағы қазақ өлкесінің Ресей империясының құрамына қосылуының аяқталуымен шен өсіруге шектеулер еніп, сыйлықтардың түрлеріне де өзгеріс енді.

XIX ғасырдың бірінші жартысында Кіші, Орта жүз, Бөкей Ордасынан аттанған қазақ депутацияларының құрамы өз өтініштері бойынша жасақтады. 1814 жылы Ішкі Ордадан Санкт-Петербургке барған депутация құрамында сұлтан Артығали Нұралыұлы, старшина Толан Ерназаров, төлеңгіт, старшина Бармақ Мұратов, Айбас Бахтияров болды. Қазақтар Ресей билігінен Уфада жерленген Нұралы хан мүрдесін Нарынқұмында мұсылман дәстүріне сәйкес жерлеуге рұқсат беруін сұрағанымен, өтініштері орындалмады[Жанаев, 2020:140-145].

Кіші жүздегі шиеленісті саяси жағдайға байланысты Шерғазы хан Санкт-Петербургке баруға бірнеше рет хат жазды. Шерғазының Орынбор әскери губернаторы П.К.Эссен, Орынбор Шекара комиссиясының төрағасы Г.П.Веселицкий, Арынғазы сұлтанмен қарым-қатынасы ушыққан болатын. П.К. Эссен Кіші жүздегі хандықтан Шерғазыны ығыстырып, Арынғазы сұлтанның келуін жақтады. 1814, 1816, 1817 жылдары Шерғазының жазған хаттары жауапсыз қалды.1819 жылы 31 қазанда ханға ұлдарымен келуге рұқсат берілді (Жанаев, 2020: 234). Шерғазы хан депутациясы 1820 жылы 10 қаңтарда Санкт-Петербургке жетті. Ханмен қатар астанаға П.К. Эссен де келді. Хан депутациясында ұлы сұлтан Едіге, інісі сұлтан Токқожа



Айшуақов, жиені сұлтан Меңдияр Әбілғазиев және бір молда, үш би, екі старшин болды (Жанаев, 2020: 235-236).

Статс кеңесші А.С. Ахлопов деректеріне сүйенсек, 1820 жылы 1 ақпанда император І Александр Шерғазы ханды аудармашы Бекмаевпен қабылдаған. Ресей императоры депутация құрамын жеке-жеке аудармашымен қабылдады. Қазақтар императрица Елизавета Алексеевна, императрица Мария Федоровна қабылдауында болды (Жанаев, 2020: 252-253). Жалпы қазақ депутациясының Ресей императорымен кездесу тарихында, оларды жеке аудармашымен қабылдануы Шерғазы хан сапарында ғана болған еді. Императордың әрбір қазақты жеке қабылдауының өзі Кіші жүздегі саяси ахуалды және Арынғазы сұлтанды Санкт-Петербургке шақырту туралы шешім қабылдағандығын дәлелдей түседі.

Кіші жүздегі саяси жағдайға қатысты Азия комитетінің алты мәжілісі шақырылды. П.К.Эссеннің Кіші жүзді екіге бөлу ұсынысына байланысты Шерғазы хан Азиат комитетінің мәжілісіне қатысты. Хан мәжілісте мынадай талаптар қойды: 1) Жайықтың сол жағалауы, Елек бойындағы пикет, форпост, хуторлар құрылған жерлерді қазақтарға кері қайтаруды сұрады, өйткені Елек тұрғындары қазақтарды Орынбор жәрмеңкесіне өткізбейтін; 2) Астрахан даласына өткен қазақтарға көрсетілетін қысымды тоқтату; 3) Шекара комиссиясының ханға тиісті 22 мың рубльді Арынғазы сұлтанға негізсіз беруі; 4) түрмеде жатқан екі қазаққа қатысты істі қайта жаңғырту; 5) тептер полкы басшысы Рычковтың қазақ ауылдарына шабуылын тоқтату; 6) Есғазы сұлтанды көмекші жариялау (Жанаев, 2020: 262-265). Ханның негізгі талаптары қазақтарға жерді қайтару, ауылдарға шабуыл жасау әрекетін тоқтату мәселесіне қатысты болатын, бұл талаптар Ресей билігінің мақсатына сәйкес келмегендіктен орындалмады.

П.И. Эссеннің Кіші жүзді екіге бөлу ұсынысын император І Александр қолдамады. Орынбор әкімшілігіне Шерғазы ханның Арынғазыға өшпенділігін тоқтатуға ұсыныс жасалды. Ресей билігі Озерное мен Никольск станицалары арасында ханға үй салуға уәде берді.

Шерғазы хан Кіші жүзге оралған кейін, 1821 жылы Арынғазы сұлтан Санкт-Петербургке шақырылғанымен, қазақ даласына кері оралмады. Арынғазы сұлтанды зерттеуші Ұ.Ахметова оның кері оралмауына Шерғазы хан, Сыртқы Істер Министрлігі, Азия Департаменті, Бұхара экспедиция басшылары А.Ф. Негри, штабс-капитан Е.К.Мейендорф жеткізген мәліметтердің де әсері болды-деп көрсетеді (Ахметова, 2004: 102-111).

Шерғазы депутациясымен қатар Орта жүзден де қазақ депутациясы келді. 1820 жылы сұлтан Құдайменді Есімханұлы, Досан Ханбаба Санкт-Петербургке баруға өтініш білдірген болатын. Депутация құрамында Құдайменді сұлтанның он жастағы баласы Бек Құдаймендин, сұлтан Досан Ханбабаның ұлы Қылыш Досанов, би Жарқын, сұлтан Ермек Тұманов, сұлтан Нұралы Мусралин, старшин Шағрай Жарылғапов және т.б. болды (Жанаев, 2020:187). Депутация құрамы Досан, Ханбаба өтініштерімен құрылды.

Депутацияға Мәскеу, Санкт-Петербург қалаларын аралап көрсету үшін арнайы бағдарлама жасалып, олар театр, фарфор заводы, хрусталь, айна шығаратын мануфактураны көрді (Жанаев, 2020: 200). Ресей империясы қазақтарға мәдени орындармен бірге Кронштадт портын да көрсетті. XIX ғасырда Кронштадт Санкт-Петербургті қорғайтын мықты бекініс және шетелдің дипломатиялық, саудасаттық кемелерін қабылдайтын порт болатын.

Орта жүзден келген сұлтан, билер Ресей билігіне бірнеше талап қойды сұлтан Досан Ханбаба, сұлтан Құдайменді Есімханұлын хандық билікке қоюды; Арық Ұрысовқа майор, сұлтан Ералы капитан, Байқадам Бабақовқа обер-офицер шендерін; Мантайға алтын қылыш беруді сұрады. Олардың тағы бір талабы уақ болысына Жәміш



маңындағы Борсылдақ, Қарашілік, Сарыөзек, Шошқалы, Биболат, Малыбай, Белағаш жазғы қоныстарын беруді, Ордадағы сегіз молданың бесеуін сайлап, қалған молдаларды өкіметтің тағайындауын сұрады (Жанаев, 2020: 187:188: 192: 193). Қазақтардың талаптары Бөкей хан, Уәли хан қайтыс болғаннан кейін Ресей империясы Орта жүзде хан сайламаса да, хандық билікке келуге олардың ұрпақтарының мүдделі екендігін көрсетті. Жол сапарында науқастанған би Жарқын Тәңірберген өзін Санкт-Петербургте жерлеуді, туыстарына сыйлық беруді сұрады. Бұл депутация Орта жүзге толық оралмады, старшина Қармыш Майлин, Жарқын Тәңірберген безгек ауруынан қайтыс болып Выборг қақпасындағы мұсылмандар зиратында жерленді (Жанаев, 2020: 198). Жалпы депутацияның жол сапарында әртүрлі індеттерді жұқтыру салдарынан жолда қайтыс болуы оқиғалары жиі қайталанатын.

Архив деректерінде 1822 жылы Марал ишан Құрманұлының Сібір басшылығынан Санкт-Петербургке баруға өтініш білдіргені туралы құжаттар бар. 1822 жылы 12 ақпанда граф Несельроде Марал Құрманұлының келуіне рұқсат бергенімен, бірақ ол Сыр бойына көшіп кеткен болатын (История Казахстана, 2007: 14).

Қазақ депутациясына Ресей императорының ұлықтауына қатысуға император І Николайдың билікке келу жылынан бастап рұқсат берілді. Империялық билік жергілікті элиталармен берік қарым-қатынас орнатуға тырысты. Қазақтарға ұлықтау рәсіміне қатысып Ресей билігіне адалдығын дәлелдеуге мүмкіндік берді. 1826 жылы тамыз-қыркүйектегі император І Николай мен императрица Александра Федоровнаның ұлықтауына Жәңгір хан депутациясы қатысты. Депутацияда Қайыпқали сұлтан Есімханұлы, Шоқа сұлтан Нұралыханұлы, Тәуке Бөкейханұлы, Шығай Бөкейханұлы, сұлтан Тоғжан болды. Әбілқайыр хан әулетінен бөлек Қарауылқожа Бабажанов, Сүйіншіғали Жаналиев, старшина Серкеш Жақыпбеков, имам ахун Айыт Мұхаммед және Жәңгір ханның әйелі Фатима болған еді (Касымбаев, 2001: 53). Ұлықтауға қатысуға алғаш Жәңгір ханды таңдаудың өз мақсаттары болды. 1822, 1824 жылғы Кіші, Орта жүздегі реформадан кейін, хандық билік Бөкей Ордасында ғана сақталынды. Ресей империясы Жәңгір ханның әлеуметтік мәртебесін сақтай отырып, қазақтарды империяның саяси жүйесіне интеграциялауды және бейбіт қатар өмір сүрудің ортақ үлгісін көрсетуді мақсат етті.

1826 жылы 28 шілдеде Мәскеуге жеткен Жәңгір хан депутациясы 1 тамызда император, 2 тамызда императрица Мария Федоровна, 24 тамызда император, императрица Александра Федоровна, императрица Мария Федоровна, 31 тамызда княгиня Елена Павловнаның қабылдауында болды. Қазақ депутациясы 22 тамызда Благовеще, Архангельск соборындағы ұлықтауға, 1 қыркүйекте Петровск театрындағы маскарад, кешкі ас, 3 қыркүйекте Ходынк жазығындағы әскердің салтанатты шеруіне қатысты (Жанаев, 2020, 444:445). Ұлықтау кезінде Ходынк жазығында халыққа театр, цирк, концерт, гимнастикалық жаттығу, түрлі жарыстар ұйымдастырылатын. Ресей халқының шеру кезінде императорды отбасымен көру мүмкіндігі болды. 1826 жылы 3 қыркүйекте Ресей императоры Ходынк жазығындағы парадқа қатысып, оны тамашалады. Міне осы парадты Жәңгір хан депутациясы да жиналған халықпен бірге тамашалады.

Жәңгір хан Мәскеуден кері оралғаннан кейін, өкінішке орай депутация құрамындағы сұлтандармен жағдайы ушығып кетті. Оның бұл әрекеті туралы А.Ф.Рязанов былай деп жазды: 1827 жылы Жәңгір хан сұлтан Қайыпқали Есімұлы, Шоқа Нұралыұлы, есауыл Қожа Қарауыловты өзінен алыстатып, маңына жас сұлтандарды жинай бастады (Рязанов, 1928:210). Мәскеуге барған Қайыпқали Есімұлына кейін Бөкей Ордасындағы 1827, 1829 жылғы көтерілісті ұйымдастырды деген айып тағып Орынбор түрмесіне қамады.



Жәңгір хан депутациясымен қатар Орта жүз сұлтаны Сартай Шыңғысұлы Ресейге шақырылды. Бөкей Ордасының ханы салтанатқа арнайы шақырылса, Сартайды еріксіз түрде, кісенделген аяқ-қолдарымен жеткізді. 1822 жылы реформадан кейін Сартай Шыңғысұлы Саржан көтерілісіне қатысқан болатын. 1826 жылы сотник Карбышев Саржан ауылын ойрандап, сотник Чириков сұлтанды қолға түсіреді, кейін П.М. Капцевич оны Березовке жер аударып жіберді. Граф Нессельроде Батыс Сібір губернаторының Сартайға қатысты әрекетін қолдағандықтан, сұлтанды Мәскеуге жеткізуге тапсырма берді (Памятная книжка, 1881:99). 1826 жылы сұлтан айдаудан қайтарылып, кісендеулі қолымен Ресейге жеткізілді. Деректерге сүйенсек, Сартай Шыңғысұлының жол сапары Мәскеумен аяқталып, оны Анненск лентасындағы алтын медаль, шекпен, шапанмен марапаттаған. Сартай сұлтанға Мәскеу сапары Ресей империясына қарсы ұстанымын өзгертуге әсер еткен болуы қажет, міне осыдан кейін көтеріліске қатыспай орыс билігін мойындады. 1828-1835 болыс басқарып, Санкт-Петербургке баруға хат жазғанымен өтініші орындалмады (История Казахстана, 2006: 129). Бұл Сартай сұлтанның Мәскеуге алғашқы және соңғы сапары болатын.

1826 жылы сәуірде императордың ұлықтауына қатысуға Орта жүздегі Қарқаралы округінің аға сұлтаны Тұрсын Шыңғысұлы да өтініш білдірді. Император Александр Павловичтің қазасынан кейін жарияланған азалы күндерге байланысты келуге рұқсат берілмейді деген жауап қайтарылды (История Казахстана, 2006:36). Тарихи дерекке сүйенсек Александрдың жерлеуі 1826 жылы 13 наурызда өткен болатын, оның қазасы Орта жүз депутациясын қабылдамауға сылтау болды. Бір ерекшелігі, 1826 жылы Т.Шыңғысұлына рұқсат берілмесе, керісінше қыркүйекте Ғұбайдолланың баласы Болат сұлтан депутациясына Санкт-Петербургке келуге рұқсат берілді. Ресей билігіне оппозициялық ұстанымдағы, Цин империясы тақ мұрагері деп таныған, Березов түрмесіндегі қамаудағы Ғұбайдулла ұрпағын Санкт-Петербургке шақыртудың саяси астары болды. Ресей билігі ХІХ ғасырдың 60-жылдарына дейін оппозициялық ұстанымдағы қазақтарды Мәскеу, Санкт-Петербургке арнайы шақырту арқылы өз бақылуына алды, мүмкіндігінше олармен келісімге келуге тырысты. Бұл сырттан орап алу тәсілінің бір айласы еді.

Болат Ғұбайдулла депутациясына әр рудан бір бидің болуы талап етілді. Депутация құрамының басқа депутациялардан бір ерекшелігі, әлеуметтік құрамы Орта жүз билері мен олардың балаларынан тұрды. Арғын руынан Б.Түйісов, Қ. Тұрлығұлов, Е. Құламбаев, Т. Бобабаев, Б.Өтебаев, Ж. Шорақов, Б. Анатов, керей руынан Қ. Болатов, найман руынан Ж.Тілемісов болды (История Казахстана, 2006:76).

Депутация Сібір қырғыздары жарлығы бойынша құрылған округтерді жоюды, Ғұбайдулла сұлтанды хандық билікке қоюды талап етті (Жанаев, 2020: 469). Олар Ресей империясының 1822 жылғы енгізген өзгерістерін қолдамайтындығын ашық көрсетті. Қазақ депутациясы Эрмитаж, Кунсткамера, Арсенал, Петергоф, Царское село, Павловск сарайында болды. Оларға Санкт-Петербургтің мәдени орындарымен қатар, әр түрлі калибрдегі артиллериялық қару-жарақ шығаратын Ресей империясының әскери өндірісінің флагманы Арсенал заводын көрсетті. Қазақ депутациясына Ресей артиллериясының негізін қалаған заводты көрсетудің өзі, империядағы қару-жарақ өндірісінің дамығандығымен сес көрсету болатын.

1827 жылғы Б. Ғұбайдолла депутациясынан кейін Санкт-Петербург, Мәскеуге баруға Абылай Ғаббасов, Тұрсын Шыңғысұлы, Уәли хан жесірі Айғаным Сарғалдаққызы өтініш білдірді. 1828 жылы өтініштерге императордың Санкт-Петербургте болмауына байланысты депутация қабылданбайды деген жауап қайтарылды (ҚР ОМА.33 -қ.1-т.410-іс. 229-235-пп). 1830 жылы 3 наурыз - 4 маусымда Санкт-Петербургке баруға Қарқаралы, Көкшетау сыртқы округтерінің сұлтан, билеріне рұқсат берілді. Депутация құрамында Қарқаралы округінен аға сұлтан Тұрсын



Шыңғысұлы, сұлтан Құсбек Тәукеұлы, заседатель Олжабай Ортақов, старшин Алшынбай Тіленшин, Сағындық Сыбанбаев, молда, губерниялық хатшы Салих Сағитов, Құттымбет Қазанғапов, Көкшетау округінің аға сұлтаны Абылай Ғаббасұлы, майор, аға сұлтан Жалғара Байтоқин, Баубеков, Жанұзақов болды. Құттымбет Қазанғапов шертпе күйдің авторы Тәттімбеттің ағасы болатын. Депутация құрамындағы Жалғара Байтоқин ақсүйектер әулетінен шықпаса да, старшин шенінен аға сұлтандыққа дейін көтерілген, 1853 жылы дворян титулына қабылғандығы туралы грамота алған тұлғалардың бірі болды (Tuleshova, 2023: 89).

Қазақ депутациясы 1822 жылғы реформадан кейінгі енген өзгерістерге қарсы өз талаптарын қойды. Мысалы, Т. Шыңғысұлы хан сайлануын, аға сұлтандықтың мұрагерлік жолмен берілуін, орнына баласы Төлеке сұлтанның тағайындалуын, Бөкей ханнан тараған сұлтандарды княздік дәрежеге көтеруді сұрады. Аға сұлтан А. Ғаббасов Абылай ханнан тараған сұлтандарды княздік дәрежеге көтеруді, төлеңгіттерге салық жинау мүмкіндігін беруді, даулы істерді қазақ дәстүрімен шешуді, қазақтарға киіз үймен көшу мүмкіндігін қалдыруды, Көкшетау округінде ағаш үй салмауды, барлық сұлтанды жаңа Ережеге сәйкес жол жөндеуден босатуды, жер, су иеленуді бұрынғыша қалдыруды, жерді межелемеуді, мешіт пен мектеп салмауды, молда мен ахунды тағайындамауын талап етті. Азиат комитеті олардың өтініштерін негізсіз деп жариялады (ҚР ОМА. 33 к. 1-т. 410-іс. 229-235-пп). А. Ғаббасов, Қ. Тәукеұлы, А. Тіленшин шендерін өсіріп, белгіленген жалақыларын көбейтуге өтініш білдірді.

Т. Шыңғысов, А. Ғаббасов алмазбен әрленген алтын медаль, құны 4 мың рубль әшекей, қымбат қанжар, 300 рубль күміс ақша, сұлтан Қ. Тәукеұлы Александр лентасындағы алтын медаль, 200 рубль күміс ақша, Ж. Байтоқин Владимир лентасындағы алтын медаль, 250 рубль күміс ақша, О. Ортақов, А. Тіленшин Анненск лентасындағы алтын медаль, 150 рубль күміс ақша, С. Сыбанбаев, Ж. Байбеков, Т. Жанұзақов Анненск лентасындағы алтын медаль, 100 рубль күміс ақша, С. Сағитов титулярлық кеңесші титулы, 150 рубль күміс ақша, Қ. Қазанғапов, Ә. Жантілеу Анненск лентасындағы күміс медаль, 75 рубль күміс ақшамен марапатталды (История Казахстана, 2006: 34-35). 1822, 1824 жылға дейін хандарға берілетін сыйлықтың бір атрибуты бұлғын терісінен тігілген тон, бас киіммен марапаттау дәстүрі болатын, хандық биліктің жойылумен бұл марапат символдары жойылды. Марапаттауда медаль тағу, ақша беру сынды символдар орындалды.

Кіші жүзден депутация құрамын жасақтауда, 1839 жылы Хиуа жорығына қатысқан, 1836-1838 жылғы, 1837-1847 жылғы көтерілісті басуға қатысқандар құрамынан депутация құруға аса мән берілді. 1847 жылы Кіші жүздегі Батыс бөліктің сұлтан правителі Баймұхаммед Айшуақов бастаған депутация Санкт-Петербургке шақырылды. Махамбет Өтемісұлының бірінші өлеңі Жәңгір ханға, екінші өлеңі Баймұхаммед сұлтанға арналған еді. 1831 жылдан-1847 жылға дейін ол Батыс бөліктің сұлтан-правителі болды (История Казахстана, 2006: 77). Кенесары Қасымұлы Кіші жүз территориясын тастап кеткеннен кейін, билікті өз қолын алған ең ықпалды сұлтан-правительдердің бірі болды деп бағалады Ж.Қ. Қасымбаев (Қасымбаев, 2000: 131).

Алғашқы кезде депутация құрамына он сегіз адам ұсынылды. Олардың ішінде хорунжий Балғожа Жаңбыршин (Ы. Алтынсариннің атасы - С.С.), Арғын биі Шеген Мусиннің баласы Қазыбек Шегенов болды (История Казахстана, 2006: 70). Санкт-Петербург депутациясы кейін он екі адамға қысқарды. Олар Ресей билігіне адал қызмет жасаған, Баймұхаммед сұлтанмен жақсы қарым-қатынастағы, Кіші жүздің үш бөлігінен де болды. Орта бөліктен-сұлтан Мұхамедғазы Шерғазиев; Шығыс бөліктен - Бабағали Мәтиев, сұлтан Досмұхамед Әрменов; Батыс бөліктен- сұлтан Мұхамедғали Тәукеұлы, Сырым Датовтың ұлы Қазы Сырымов, Шекара Комиссиясының заседателі Құл Шоқабаевтың ұлы Майке Құлов, Жаманбай Құзбаков. Депутациядағы Қазы



Сарымов 1821 жылы Арынғазы сұлтанмен Ресейге барып, кейін кері қайтарылған болатын.

Депутация құрамындағылар Ресейге адал қызметімен белгілі болатын. Мысалы, Қ. Сарымов Исатай Таймановтың көтерілісін жазалауда хорунжий шенін, 1839-1840 жылғы Хиуа жорығында сотник, Кенесары Қасымовтың көтерілісі кезінде есаул шенін алған еді (История Казахстана, 2006:Ч:2., 572). Б. Мәтиев 1839-1840 жылғы Хиуа жорығы кезінде Анненск лентасындағы күміс медалмен марапатталған, Ресей билігіне адал жандардың бірі болды. М. Тәукеұлы Орынбор Неплюев кадет корпусында оқыған, Исатай Таймановтың көтерілісін басуға қатысқаны үшін Анненск лентасындағы алтын медаль, Кенесары Қасымұлының көтерілісінде есаул шенін алған еді (История Казахстана, 2006: 346-347)

Санкт-Петербург сапарынан Баймұхаммед Айшуақұлы ең жоғары шен, яғни генерал-майор шенімен қазақ даласына оралды. 1847 жылы сұлтан Пасха мейрамы кезінде Орынборға жетіп, әскери губернатор В.А.Обручевтің үйінде қонақта болды. Губернатор сұлтанға көктемгі су тасқыны басылғанша қалада қалуға өтініш жасағанымен, сұлтан Орынбордан асығыс аттанып кетті. 1847 жылы 28 наурызда Елек өзенінен екі қайықпен өтпекші болған сұлтан, қасындағы 8 серігімен бірге суға кетіп, 57 жасында қайтыс болды (Казанцев,1867:87). Орыс деректерінде алғашқы кезде М. Тәукеұлы Баймұхаммед сұлтанмен бірге қаза болды деп жазғанымен, кейін оның аман қалғаны анықталды. Баймұхаммед сұлтанның қазасынан кейін ол Батыс бөліктің султан-правителі қызметін 1865 жылға дейін атқарады.

Баймұхаммед Айшуқовтың депутациясынан кейін, Санкт-Петербургке Шығыс бөліктің сұлтан правителі сұлтан Ахмед Жантөрин шақырылды. Кіші жүз депутациясы 1849 жылы 23 желтоқсанда Мәскеуге, 1850 жылы 31 қаңтарда Санкт-Петербургке жетті. Делегация құрамында есаул сұлтан Сүлеймен Жәңгіров, ұзын-қыпшақ бөлімінің биі, сотник Балғожа Жаңбыршин, арғын руы, жоғары - шекті руын басқарған, хорунжий Қазыбек Шегенов, арғын руы төменгі шектінінің биі Беген Иазұлы, керей руының көшібей бөлімі, әлмамбет бөлімшесінің биі Шоң Атанов, қыпшақ руы, күлді бөлімінің, науша бөлімшесінің төлеңгіті зауряд-хорунжий Жортеке Байбеков, Күлді бөлімі басқарушысының көмекшісі, Шығыс бөліктегі белгілі тұлға Қосылбай Сатыбалдин және сұлтанның 12 жастағы баласы Сейітхан болды (Жанаев, 2020: 629). Балғожа Жаңбыршин, Қазыбек Шегеновке Баймұхаммед сұлтанның қайғылы аяқталған сапармен емес, Ахмет Жантөринмен баруға мүмкіндік туды.

Депутация құрамында Ресей билігіне өзінің адалдығымен мойындалған А. Жантөрин, С.Жәңгіров, Б. Иазұлы болды, олар Кенесарұлы Қасымұлының көтерілісін басуға шыққан жазалаушы әскер қатарында болған еді. Қазақ депутациясының барлық шығыны түтін салығы есебіне жатқызылды. Депутацияның Санкт-Петербург сапарына арнайы төрт күйме дайындалғанымен, Ахмет Жантөрин өз күймесімен аттанды (ҚР ОМА. 4-қ.1-т. 3519-іс.74-п)

1810-1830 жылдар аралығында қазақ депутациясы көбінесе сұлтандар билігіне қатысты талаптар қойса, А.Жантөриннің талабы Кіші жүздегі әр түрлі әлеуметтік топтарға қатысты болды. Қазақтар мен шептегі тұрғындар арасындағы шекараны нақты белгілеуді, Ескі және Жаңа шеп арасында қазақтарға қыстауларына еркін өтуіне мүмкіндік беруді; хиуалықтардың талан-таражына түскен шекті, шөмекей руларына көмек көрсетуді сұрады (Жанаев, 2020: 647-648).

Санкт-Петербургке келген қазақтар император І Николайдың аудиенциялық қабылдауында болды. Олар Мәскеуде бес күн, Санкт-Петербургте бір айдан аса уақыт аялдады. Депутация Санкт-Петербургтегі Қысқы Сарай, Михайловский театры, Александрыйский театры, Ботаника бағы, Александровский мануфактурасы, Арсенал, Таврический бағы, Царское селосында болды. Қазақ депутациясының шені өсіп



марапатталды. Мысалы, А. Жантөрин полковник, Б.Жаңбыршин әскери старшина, Қ. Шегенов есаул, Б.Иазұлы сотник шені дәрежесіне көтерілді. Патша ағзам Ахмед сұлтанның баласы Сейітханға алтын сағат сыйлады (ҚР ОМА. 4-қ. 1-т. 3519-іс. 137-138 пп). Императордан сыйлық алған бала Сейтхан I Мемлекеттік Дума депутаты Сәлімгерей Жантөриннің әкесі болатын. Ол 1848 жылы Орынбор Неплюев кадет корпусына тіркелген үміткерлер қатарында болды (ҚР ОМА. 4-қ. 1-т. 3532-іс. 42-п). Санкт-Петербургтен оралғаннан кейін 1851 жылы ақпанда Ахмет Жантөрин науқастанып қайтыс болды, ал баласы Сейтхан 1858 жылы кадет корпусын сотник дәрежесінде бітірді.

Император II Александр тұсында (1855-1881) Санкт-Петербург, Мәскеуге бірнеше қазақ депутациясы келді. 1855 жылы Құсмұрын округінің аға сұлтаны, Батыс Сібір облыстық басқармасының кеңесшісі сұлтан Шыңғыс Уәлиханов (Шоқан Уәлихановтың әкесі-С.С.) басқарған Орта жүз депутациясы Санкт-Петербургке аттанды. Депутация құрамында аға сұлтан Ибрагим Жайықбаев, аға сұлтан Мұса Шорманов, сұлтан Бегалы Қоңырқұлджин, болыснай Аққошқар Кішкентаев, болыснай Секербай Малгельдин, би Тәтімбет Қазанғапов, би Шөбек Байсарин болды (Өтениязов, 1990:89-90). Бұл депутация құрамы да үлкен марапаттарға ие болды, мысалы Ш.Уәлиханов полковник шеніне көтеріліп, Станислав орденінің екінші дәрежесімен марапатталды (История Казахстана, 2006: 650). Осы сапарында Шыңғыс сұлтан 10 жастағы баласы Мақыжанды Санкт-Петербургтегі мылқау балаларға арналған училищеге қазына есебінен оқытуға өтініш білдіреді. 1855 жылы 24 мамырда Ресей императорының тапсырмасымен, Петербург Қамқорлық Кеңесінің бұйрығымен Мақыжан училищеге қабылданды (Президентская библиотека. 5-қ.83-іс.10-п).

1856 жылғы тамыз-қыркүйекте император II Александрдың ұлықтауына Баянауыл округінің аға сұлтаны Мұса Шорманов, Семей облысы басқармасындағы қазақтар жөніндегі кеңесші Ханқожа Татенев, Ұлы жүз сұлтаны Әбілес Әлиұлы аттанды (Описание, 1856:102). Х. Татеневтің әкесі Татен де 1797 жылы Павелдің ұлықтауы кезінде Мәскеуде болған еді, Ә. Әлиұлы Ұлы жүз сұлтаны Әли Әділұлының үлкен ұлы, Абылай ханның шөбересі болатын. Ол 1853-1856 жылы Ресейдің аймақта жүргізген әскери жаулау операцияларына қатысып, подпоручик шенінде болды (Президентская библиотека. 5-қ.83-іс.61-п). Депутацияда Ханқожаның баласы Серғазы сұлтан, Мұса Шормановтың інісі Әбілғали сұлтан, Әбілес Әлиұлының ағасы Даир сұлтан болды. М.Шорманов майор шені, Анненск лентасындағы алтын медаль, Х. Татенев подполковник шені, Андрей лентасындағы алтын медаль, Ә. Әлиұлы капитан шені, Анненск лентасындағы алтын медаль, ал Серғазы, Әбілғали, Даир сұлтандар Анненск лентасындағы күміс медальдармен марапатталды (Президентская библиотека. 5-қ. 83-іс. 86-п).

Интернет желісіндегі материалдарда Шоқанның әкесі Шыңғыс Уәлиханов император II Александрдың ұлықтауына қатысты деген қате пікірмен бірге, 70-тен жастағы суретіне 1856 жылғы ұлықтауда түсірілген-деп жазады. Суреттегі Шыңғыс Уәлиханов, бірақ сурет кейін түсірілген, өйткені ол Санкт-Петербургке барғанда жасы 42-43 жаста болатын және 1856 жылы ұлықтауға қатыспады. Профессор К. Хафизова суреттің 1891 жылы түсірілгенін нақтылайды (Хафизова, 2019:162). Шыңғыс сұлтанның 1856 жылы император II Александрдың ұлықтауына бармауының себептері, біріншіден, 1856 жылы Алатау округі құрылғандықтан, депутация құрамында Ұлы жүз адамы болуы тиіс болды, екіншіден Шоқан Ыстықкөл экспедициясына қосылған еді.

1859 жыл тамызда Ішкі Орда, Кіші жүзден құрамы 12 адамнан тұратын қазақ депутациясы Санкт-Петербургке келді. Депутация құрамында Орта бөліктен: сұлтан правитель Мұхамеджан Баймұхаммедов, сұлтан Ханғали Арысланұлы, қабақ бөлімінің биі Есет Көтібарұлы. Шығыс бөліктен - сұлтан Сүлейман Жаһангеров, сұлтан Махмұд





Жантөрин, жаппас би Бірмұхаммед Құланбаев, Батыс бөліктен-Шолақ Айбасов, сұлтан Асфендияр Сүйғалин, Сырдария әскери шебінен-жаппас Тайпа Жамғыршин, қыпшақ Тұрсынбай Бүркітбаев, Ішкі ордадан- сұлтан Едіге Сүйінғалиев, сұлтан Дәулеткерей Шығайұлы болды(ҚР ОМА. 4-қ. 1-т. 2983-іс. 46-п). Бұл қазақ депутацияның құрамы әр түрлі әлеуметтік топтан құралды: біріншіден, М.Жантөрин Неплюев кадет корпусының түлегі, сұлтан Е. Сүйінғалиев корпусы аяқтай алмаған болатын; екіншіден, Ресейге сенімсіздігімен белгілі қабақ бөлімінің биі Е.Көтібарұлы қосылды; үшіншіден, жаңа қосылған Сырдария шебінен қазақтар қосылды. Архив деректеріне сүйенсек, Е. Көтібарұлы баласы Назар, ағасы Тоқманның ауырып жатқанын сылтауратып Санкт-Петербургке барудан бас тартқысы келген (Жанаев Б.Т., 2020: 657).1858 жылы Хиуадан оралған, Кіші жүздегі беделді батыр Есеттің депутация құрамында болуы, Ресей билігі үшін аса маңызды болды.1853 жылы құрылған Сырдария әскери шебінен жаппас, қыпшақ руынан бір өкілден депутация құрамында болуы, Ресей империясының болашақ стратегиялық жоспарларын жүзеге асыру үшін де аса маңызды еді.

Депутацияның Санкт-Петербургтегі кездесулері, қайтар сапары алдын ала жоспарланды. Олар Эрмитаж, Павлов сарайы, Императордың көпшілік кітапханасы, Зоологиялық музей, Кунсткамера, ботаника бағы, шыны заводы, Елагин, Петергоф, Патша селосы, Павловск, Гатчина сарайында, Мәскеудегі Гранат сарайы мен қаланың айналасындағы сарайларды аралады(ҚР ОМА. 4-қ.1-т. 2983-іс.50-п).Қазақтардың театр қойылымдарына баруына да ерекше көңіл бөлінді. Мәскеуде екі қойылым, Санкт-Петербургте алты қойылым үшін 100 рубль қаржы бөлінген (ҚР ОМА. 4-қ. 1-т. 2983-іс. 100-п).XIX ғасырдың екінші жартысында қазақтарға көрсетілетін орындардың аясы кеңейді.1859 жылы тамызда Мәскеу әскери губернаторы С.Г. Строгановтың мәліметтеріне сүйенсек, қазақтар Ходынк жазығында орыс әскерінің артиллериялық оқу жаттығуларын, Гренадерск корпусы әскерінің соққы беру іс-қимылдарын, стеарик заводы, Гикка парфюмер, көпес Ганешиннің шұға, Гучковтың кілем, орамал фабрикасы, Николаев темір жолының вагондары мен телеграфты да көрген (Жанаев,2020: 670).

1859 жылы 29 қыркүйектегі бұйрыққа сәйкес М. Баймұхаммедов полковник, С. Арысланов, Б. Құланбаев есаул, С. Жәңгіров подполковник, Ш. Айбасов, Е.Сүйінғалин, Д.Шығайұлы хорунжий шендерімен дәрежесі көтеріліп, Т. Жамғыршин, Т. Бүркітбаев Станислав Ордені, Қасиетті Аннаның 2 дәрежесіндегі алтын медальмен марапатталды, Есет Көтібарұлы салық төлеуден босатылып, А.Сүйінғалинге түтін салығынан 500 рубль берілді (ҚР ОМА. 4-қ. 1-т. 2983-іс. 78-п). XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақ депутациясы Ресей империясына талап қойса, XIX ғасырдың екінші жартысында олар белсенді болмады.

1860 жылы 31 шілде-24 тамызда Ішкі Орда, Кіші жүз, Сырдария әскери шебінен 15 адамнан тұратын қазақ депутациясы Санкт-Петербургте болды. Депутация құрамында Ішкі Ордадан - Салық Бабажанов, Батыс бөліктен - сұлтан-правитель Мұхамедғали Тәукеұлы, шөмішті-табын Алдаш Байғанин, Орта бөліктен - шөмекей старшины Елекей Қасымұлы, шекті биі Әзберген Мұңайтпасұлы, Шығыс бөліктен - сұлтан Мұхаммед Жантөрин, шекті биі Бірімжан Шегенов, Орал линиясының тарханы Ғабайдолла Исенбаев, Сырдария әскери шебінен - алшын биі Есет Төлепов, төртқара Сердалы Бекшораұлы, аудармашы Әлмұхаммед Сейдалин болды. Депутация құрамындағы Ә. Мұңайтпасыұлы, Е. Қасымұлы, А. Байғанин бұрын Хиуа хандығында тұрған және хандықпен байланыстары бар сенімсіздер қатарында болатын.

М. Тәукеұлы, С. Бабажанов орысша білім алғандықтан, ал Ғ. Есенбаев қазақ даласында мектеп ашумен айналысқандықтан тарихшы, экономист П.И. Небольсинді қатты қызықтырған болуы қажет. Ол М. Тәукеұлы, С. Бабажановтың Императорлық Еркін Экономикалық қоғамының мүшелері екендігін, ал Салықтың Неплюев кадет корпусының түлегі бола тұра шапан киетіні, орыс тілін жақсы меңгергені,



Ресей империясының заңдары мен құқық нормалары, дін мәселесіне ерекше қызығушылық танытқанын ерекше атап көрсетеді (Небольсин, 1860: 44)

1865 жылы қазақ өлкесінің Ресей империясының құрамына қосылуының аяқтауы және әкімшілік-территориялық бөліністерге сәйкес депутация құрамын жасақтауға өзгеріс енді. Бұрын депутация құрамы қазақтардан тұрса, Түркістан, Закаспий облысынан баратын депутацияның ұлттық, әлеуметтік құрамы аралас болды. 1866 жылғы депутацияда Перовскіден-Өткелбай Исин, Түркістаннан-Шейх-Ислам Насрулла Ысқақ қожа, қоңырат Қоныс Тілесов, Шымкенттен-сарт Марқа Таласбаев, дулат Момынбек Шойбеков, Әулиеатадан дулат Құдайберген Байтов, қырғыз манабы, солты Байтық Қанаев, Ташкенттен-сарт, көпес Сейіт-Әзім Мухашедбаев, раистың ұлы Шанхан Аманмұхамедов, шанышқылы Молда Қошық, құрама Егемберді болды (Ташкентская, 1868: 70-74). Алғаш рет депутацияға мұсылман дінінің басшылығы қосылды. Түркістан депутациясы Орынборда бір аптадай аялдап, Нижний Новгородтан Мәскеуге жетті. Жол сапарында оларды темір жол, Мәскеудегі Кремль сарайы, Строгонов училищесі, көпестер клубындағы цығандар биі мен әні таңқалдырған. 26 наурызда депутация Қысқы Сарайда Ресей императорының қабылдауында болды. Санкт-Петербургде Эрмитаж, Михайловск театры, цирк, мылқау балалалардың училищені аралаған (О Туркестанской, 1868: 59-64)

1867-1868 жылдан бастап депутация генерал-губернаторлықтан құрылатын болды. Реформадан кейін орыс императорына адалдығын көрсету үшін әрбір облыстан қазақ депутациялары аттандырылды. Соның бірі, 1872 жылы Семей облысының Зайсан приставынан шыққан қазақтар болатын. Қытаймен шекаралық аймақта жатқан Зайсан приставынан депутацияны қабылдау Ресей империясының саясаты үшін де маңызды болды. Бұрын қазақ депутациясының құрамында сұлтандар әлеуеті көпшілікті құраса, енді болыснайлар басымырақ болды, сұлтандар билікпен бірге Санкт-Петербург, Мәскеуге шақыртудан да ығыстырылды. XIX ғасырдың бірінші жартысында депутация құрамын жасақтауда сұлтандар белгілі бір функция атқарса, енді бұл міндет жергелікті аймақтағы Ресей билігінің құзырына өтті.

Семей облысының Зайсан приставынан 16 адам Мәскеуге аттанды. Депутация құрамында уездің кіші көмекшісі-1, болыснай-6, болыснайға кандидат - 4, би - 3, шәкірт - 2 болды, оның 4-уі сұлтан әулетінен еді. Бұл депутацияның негізгі әлеуметтік құрамы болыснайлардан құрылды. Қазақ депутациясы қатарында орыс тілінде еркін сөйлейтіндердің қатары көбейді. Қазақтарды Ресей императорымен кездескенге дейін Қысқы Сарайдағы шеруден басқа мерекеге қатыстырмады. 1873 жылы 7 қаңтарда қазақтар император II Александрмен кездесті. Олар Исакиев Соборы, Ғылым Академиясының мұражайы, фарфор зауыты және тағы да басқа қаланың көрікті жерлерін аралады. Қазақтарды ерекше таң қалдырғаны княгиня Елена Павловнаны (Фредерика Шарлотта Вюртембергская-С.С.) ақтық сапарға шығару рәсімі болатын. Олар Инженерлік сарай терезесінен княгиняны ақтық сапарға шығарған император II Александрды көргендегі жүзіндегі таңданысты айтып жеткізу мүмкін емес деп жазды мерзімдік басылым деректерінде (Народы России, 1873: 75). Қазақтардың киімдері, балет, театр, цирк, бал-масқарад, кештердегі өзін ұстау әдебіне орыстар қызығушылық танытты. Бұл мерзімдік баспасөзде жарияланған мақалаларда нақты көрінеді. Мысалы, қазақтардың киімдерінің ашық түсі, атлас, жібек, барқыттан тігілуі, ою-өрнегі, алтын жіптермен әрленген тымақтары, жарқыраған қылыш, билердің төсбелгілері, кеудесіндегі алтын, күміс медальдар, екі қабатты үйде тұра алмауы, тамақтану әдебі, пышақ, шанышқы қолданбауы, майлы еттен жасалған тамаққа құмарлығы авторды таң қалдырған (Народы России, 1873: 75).

1883 жылы 6 мамыр-26 мамырдағы император III Александрдың ұлықтауына АҚШ, Жапония, Франция, Персия, Түркия, Қытай, Португалия, Бразилия, Испания,



Швеция, Германия, Дания, Сербия, Баден, Виртенбург, Черногория княздігі, Сандвич аралынан князь, герцог, ханзада, сенатор, елшілер келді. Бұл салтанатқа шет елдіктермен қатар Түркістан, Батыс Сібір, Орынбор губернаторлығы, Бұхар әмірлігі, Хиуа хандығынан депутациялар қатысты. Түркістан депутациясында өзбек, қарақалпақ, түрікмен, қазақ, қырғыз, дүнген халқынан өкілдер кірді, олардың әлеуметтік құрамы сұлтан, манап, молда, болыснай, старшиндардан тұрды. Сырдария облысынан зауряд-сотник сұлтан Ахмет Кенесарұлы (Шымкент уезінің кіші көмекшісі-С.С.), Ақмола облысынан болыснай Шамат Қазықожа, Хасан Кәкенов, Бименді Ерденев, болыстық старшин Нағырбек Көшенев, Семей облысынан болыснай Жақып Нөрекенов, Бекпай Жолдасбаев, болыс старшины Ислам Әлиханов, Ішкі Ордадан Айып Бекенов, Аманғали Құдайбергенов, Торғай облысынан сұлтан Мұхамеджан Баймұхамедов, Орал облысынан старшина Ержан Шолақов, аудармашы Жансұлтан Сейдалин қатысқан (В память, 1883: 35). Орал облысынан Е. Шолақовпен бірге Сарықожин Мұхаммеджан, Дост Сартов, Даулетияр Жанатаров, Рухия Ізақбаевна Шолақова, Қатира Ержанова болды. (Депутация, 1892:4). Депутациядағы Е. Шолақов Орынбор Неплюев кадет корпусының, Ж. Сейдалин Қазан университеті заң факультетінің түлегі болатын. Алғаш қазақ депутациясында жоғары білім алған қазақ өкілі болды.

1894 жылы 2 қарашада Ресей билігіне император ІІ Николай келді. Оның билігі кезінде қазақ депутациясы бірнеше шараларға қатысты. 1895 жылы қаңтарда қазақ депутациясы император ІІ Николай мен Александра Федоровнаның некелесу салтанатына шақырылды. Некелесуге Семей облысынан Б. Жолдыбаев, И. Әлиханов, Ж. Нөрекенов, Н. Қазанғапов, Т. Алдабергенов, Торғай облысынан генерал-майор М. Баймұхаммедов, Торғай уезінің бұрынғы кіші көмекшісі, арғын Қ. Беремжанов, Қостанай облысының Дамбар болысының биі, қыпшақ Б. Наурызбаев, Бірғыз уезінің бұрынғы кіші көмекшісі, шөмекей Ш. Алматы қатысты (Годовщина, 1896:1). Салтанатқа қатысқан генерал-майор Мұхаммеджан Баймұхаммедовтың жасы 80-нен асқан еді, бұл Санкт-Петербургке келген үшінші сапары болатын. Закаспий облысынан келген депутация құрамында Асхабад, Мерв қаласынан 2 қалалық тұрғын, орыс қоныстанушыларынан-1 адам, 7 түрікмен, 1 қазақ қатысты-деп жазды мерзімдік басылымда (Депутация, 1895: №6800).

Қазақтар патша сарайы, Эрмитаж сынды тарихи орындарды аралаумен бірге Петропавл қамалындағы Ресей патшалары жерленген мазарға барып, император ІІІ Александрға оқылған дұғаға қатысты. Торғай қазақтары әскери губернатор Я.Ф. Барабаштың басшылығымен император ІІІ Александрдың қабіріне күмістен жасалынған гүлдесте қойды. Гүлдестеде Торғай облысының орыстары мен қазақтарынан деп жазылған еді (К рисункам, 1896: 35).

Киргизская степная газетінің № 6, 7 санында Ж. Нөрекеновтың патша сарайында таңқалдырған жағдайлар туралы мақаласы жарияланды. Ол Семей облысы, Семей уезінің Сейтен болысының болыснайы болатын (История Казахстана, 2006: 376). Қазақтарға Николаев қысқы сарайы, Петропавл қамалының сыртқы, ішкі келбеті қатты әсер еткен. Ресей императоры ІІ Николай қазақ депутациясын Николаев сарайында қабылдады. Ж. Нөрекенов Николаев сарайындағы алтын жалатылған креслолар, Осман патша, Кутузов суреттері, кавелергард әскерінің сыртқы келбеті, мәртебелі патша ағзам және оның қасындағылар, оған қызмет жасаған арабтар туралы таңданыспен жазды (Нөрекенов, 1895: 6:1-2).

1896 жылы мамырдағы император ІІ Николай мен Александра Федоровнаның ұлықтау салтанатына Ұлы, Орта жүз атынан Сұлтанғазы Уәлиханов, Ішкі Ордадан полковник Ахметкерей Шыңғыс, Бақыткерей Құлманов, Нарын құмынан Атанияз, Дала генерал-губернаторлығының Иса Бердалин, Орал облысынан Сарықожин Мұхамеджан, Пірмағамбет Төбетов, Имәлі Есімов, Семей, Жетісу облысының Қапал, Лепсі



уездеріндегі наймандар атынан Жетісу облысының коллежск регисторы Тұрдыбек Сыртанов барды (Герман, 1896, 114). Торғай облысынан Дербесәлі Беркімбаев, Сейт Нұрмухаммедов, Бермұхаммед Алдияров, Қорғанбек Бірімжанов қатысты. Барлық мұсылман депутациясы Швейцария қонақ үйіне орналастырылып оларды бақылау полковник, сұлтан В.Алихановқа жүктелді (Представление, 1896: 2)

Депутация құрамындағы Б. Құлманов Санкт-Петербург университетінің түлегі, Т.Сыртанов Верный ерлер гимназиясының түлегі Б.Сыртановтың ағасы болатын. Б.Алдияров Алаш қозғалысының белсенді мүшесі, Қазан медицина университетін күміс медальға бітірген, белгілі дәрігер Ә. Алдияровтың әкесі, ал Қ. Бірімжанов Қазан университетінің заң факультетінің түлегі, Алаш Орда үкіметінің мүшесі болған А. Бірімжановтың әкесі.

1896 жылғы Тургайская газета басылымында қазақтардың ұлықтауға қатысуына қатысты мақалалар жарияланды. Мақала авторы қазақ депутациясы 14 мамырда ұлықтауға қатысып, кейін Ресей императорына қазақ халқының мәдени мұрасы мен дәстүрін бейнелейтін сыйлықтар бергенін жазады. Торғай депутациясы императордың аудиенциясына қабылданып, Азиат халықтары арасынан бірінші сыйлық берушілер қатарында болды. Олар берген ыдыстың диаметрі 16 тұтам, салмағы 20 фунт болатын. Ыдыс жиегіндегі суреттерде бейнеленді: 1) Ресей бодандығын қабылдағанға дейінгі барымта; 2)Әбілхайыр ханның ант қабылдауы; 3) халықтық сот; 4) 1891 жылғы Николай патшаның Торғай облысына сапары; 5)ыдыстың ортасында орыс мәдениетінің ықпалымен қалыптасқан қазақ тұрмысының бейнесінің көрінісі болды. Ыдыс жиегінде патша ағзамның аты зұбаржат, сутас, гауһар, жасыл ақықпен жазылды. Сонымен бірге ыдыста Ресей империясы, Торғай облысының алтынмен әрленген елтаңбасы, қазақтардың сауыт-сайманының бейнесі де болды. Бұл сыйлықтан бөлек қазақтар күміс торсық пен екі ыдыс сыйлады. Бұл ыдыстарға да патша ағзамның аттары асыл тастармен, алтынмен жазылған еді (Областная, 1895:7).

XIX ғасырда қазақтар Ресей императорына киіз үй, ұлттық киім, ат әбзелдері, ыдыс-аяқ, зергерлік бұйым, әшекей және асыл тұқымды жылқы, бүркіт, қаршыға сыйлайтын. Бұл сыйлықтар қазақ билеуші элитасының орталық билікпен қарым-қатынасын нығайтуға бағытталған ұмтылыс әрекеттерінің бірі болды. Сыйлықтар символдық сипатта жүрді және Ресей билігімен қарым-қатынасты орнату мен қолдаудағы құрал болды. Әрине, қазақ элитасы Ресей императорының қолынан да сыйлық алып отырды. XIX ғасырда бірінші жартысында ақшалай, киім, ыдыс-аяқ формасында болса, кейін оның өзгергенін көреміз. 1896 жылы Мәскеуде депутация мүшелеріне сыйлыққа шынжырлы алтын сағат берілді, оның ішкі жағына патша есімінің бас әріптері жазылған болатын (Тургайская, 1896: 4).

Ұлықтау мейрамдарында қазақ элитасына басқа елдердің қонақтарымен жақындасуына мүмкіндік туды, олардың мәдениетімен танысты. Мысалы, 19 маусымдағы Александровск сарайында берілген түскі асқа Бұхар әмірі, Хиуа ханымен бірге Д.Беркімбаев қатысқан болатын. Сонымен бірге Д. Беркімбаев, С. Нұрмухамедов және басқа қазақтар театр қойылымын патша ағзам, патшайым, Ресей, Европа, Азия, Африка, Америка құрлықтарынан келген өкілдермен бірге тамашалаған (Представление 1896:3). Ұлықтау сапары қазақ элитасын басқа халықтардың өкілдерімен Ресей империясы шеңберінде араластырды.

**Қорытынды.** Ресей империясы қазақтарды Санкт-Петербург, Мәскеуге шақыру арқылы оларға ықпал жүргіземіз деген саясат ұстанды. Қазақтарды ұлықтауға қатыстыру, Мәскеу, Санкт-Петербургтің мәдени орындарын көрсету арқылы Ресейдің идеяландырылған бейнесін беруге ұмтылды. Депутацияның шақырылуы мен оның құрамы да Ресей империясының имперлік саясатымен жалғасты. 1822, 1824 жылы Ресей енгізген жүйені, жаңа өзгерістерді қазақ қоғамы қабылдағысы келмеді, сондықтан да



қазақ депутациясы хандық билікті, дәстүрлі жүйені қалпына келтіруді талап етті. XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласының Ресей империясының құрамына қосылу процесінің аяқталуымен, жаңа қосылған Түркістан генерал-губернаторлығы депутациясының құрамына аймақта тұратын әрбір ұлттан бір өкілден болу талабы қойылды.

XIX ғасырдың бірінші жартысында Мәскеу, Санкт-Петербургке барған қазақ депутациясы халықтың мүддесін қорғаған маңызды әлеуметтік топ болатын, ал XIX ғасырдың екінші жартысында империяның бюрократиялық жүйесін жүзеге асырушы қазақ шенеуліктерінің элиталық тобы талап қоюға ынталы болмады. Өйткені, XVIII ғасырдың екінші жартысы XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Ресей империясының қазақтарды марапаттау, шендерін өсіру арқылы орыс билігіне адалдыққа ынталандырдыру саясаты өз нәтижесін бере бастаған еді. Бұл саясат Ресей билігіне халықты тиімді бақылауға және қазақ шенеуліктерін өз ықпалында ұстауға мүмкіндік берді. Империялық билік жергілікті элиталармен берік қарым-қатынас орнатты және қазақ элитасы да орталық билікке жақындап халықтан алыстай бастады.

#### Дереккөздер

ҚР ОМА – Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві  
БН ПК – Б.Н. Ельцин атындағы президенттік кітапхана

#### Sources

CSA RK – Central State Archive of the Republic of Kazakhstan  
PL BN – Presidential Library named after B.N. Yeltsin

#### Әдебиеттер

Аббат Жоржель в России, 1878 – *Аббат Жоржель в России* (1799-1800 гг) // Древняя и Новая России. 1878. № 7. С. 243-250

Айтмухамбетов, 2010 – *Айтмухамбетов А.А.* Казахские служащие Российской империи: формирование, профессиональная и общественно-политическая деятельность в XIX-начале XX вв (исторический аспект): Автореферат дис., д-ра ист. наук: 07.02.02. Семей. 2010. 39 с

Ахметова, 2004 – *Ахметова Ұ.* Арынғазы хан. «А-Полиграфия» ЖШС. Ақтөбе. 2004. 165 б.

В память священного коронования, 1883 – *В память священного коронования* государя императора Александра III и государыни императрицы Марии Федоровны. Санкт-Петербург. «Типография В.В. Комарова. 1883. 469 с.

Герман, 1896 – *Герман Гоппе.* В память священного коронования их императорских величеств Николая Александровича и Александры Федоровны 14 мая 1896 года. С-Петербург: Книгоиздательство. 1996. 344 с.

Годовщина, 1896 – *Годовщина* принесение поздравления Их Императорским Величествам киргизами Тургайской области // Тургайская газета. 1896. №4.

Депутация, 1892 – *Депутация* от Уральской области // Особое прибавление к Акмолинским областным ведомостям. 1892. № 24. С.4

Депутация, 1895 – *Депутация* от киргизов Закаспийской области в Петербург // Новое время. 1895. №6800

Жакмин, 1883 – *Жакмин В.И.* Коронация русских императоров и императриц. 1724-1856 // Русская старина. 1883. Т. 37. С. 499-538.

Кувиченков, 1882 – *Кувиченков Д.Т.* История коронование государей. С.Петербург: Типо-Литография Братьев Марковых, 1882. 46 с.

Жанаев, 2020 – *Жанаев Б.Т.* Казахские депутации к Российскому императорскому двору 1801-1873 гг. Алматы: «Қазақ университеті». 2020. 860 с.

История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков, 2006 – *История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков.* О почетнейших и влиятельнейших ордынцах. Алматы. Дайк-Пресс. 2006. Т. VIII. Ч. 2. 959 с.

История Казахстана в русских источниках, 2006 – *История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков.* О почетнейших и влиятельнейших ордынцах. Алматы. Дайк-Пресс. 2006. Т. VIII. Ч. 1. 714 с.



История Казахстана в русских источниках, 2007 – *История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. Народные предания об исторических событиях и выдающихся людей Казахской степи (XIX-XX вв).* Т. IX. Алматы: «Дайк-Пресс». 2007. 492 с.

К рисункам, 1896 – *К рисункам.* Венок возложенный на гроб Александра III.- Тургайская газета. 1896. № 4.

Казанцев, 2006 – *Казанцев И.* Описание киргиз-кайсаков.-Санкт-Петербург: Типография товарищества «Общественная польза», 1867. 231 с.

Касымбаев, 2000 – *Касымбаев Ж.К.* Казахи-генералы Российской империи. Генерал, султан-правитель Баймухамед Айшуаков(1790-1847) книга первая. Алматы.2000. 186 с

Касымбаев, 2001 – *Касымбаев Ж.К.* Государственные деятели казахских ханств XVIII - первой половины XIX века.Т.4. Жангир хан.(1801-1845 гг) (Личность во взаимодействии с кочевым обществом и сопредельными регионами). Алматы: Издательский дом «Наш Мир», 2001. 349 с.

Кундакбаева, 2015 – *Кундакбаева Ж.Б.* Тойкара-ханум-яркая звезда правящего дома казахов периода заката ханской власти //Казақ хандығы тұсындағы ханымдар мен арулар. Астана. 2015. 300 б

Кундакбаева, 2017 – *Кундакбаева Ж.Б.* Приобщения к новым формам социальной коммуникации казахской элиты: посольства Тайкара ханум в Санкт-Петербург 1898/1899 г // Отан тарихы. 2017. № 2. С. 127-138

Лысенко,2018 – *Лысенко Н.А.* «Депутатские миссии» казахских ханов, султанов и родоправителей ко двору Российских императоров в первой половине XIX в. // *Vylye Gody.* 2018. Vol. 50. Is. 4 E-ISSN: С.1518-1529

Народы России, 1873 – *Народы России.* XII. Киргизы // *Нива.*1873. № 5. С. 74-79

Небольсин, 1860 – *Небольсин П.И.* Путешествующие киргизы // *Современная летопись Русского Вестника.* Москва: В типографии Каткова и К, 186. Т. 29.С. 41-49

Норекенов, 1895 – *Норекенов Т.* Из поездки в Петербург // *Киргизская степная газета.* 1895. № 6. С. 1-2; № 7. С. 1-2

О туркестанской, 1868 – *О туркестанской* депутации // *Туркестанский сборник.* Т. 2. Санкт-Петербург. 1868. С. 59-64

Областная, 1895 – *Областная хроника.* Поднесение от Тургайских киргизов // *Тургайская газета.* 1895. № 4.

Описание,1856 – *Описание* священнейшего коронования их императорских величеств государя императора Александра Второго и государыни императрицы Марии Александровны всей России. Санкт-Петербург. 1856. 108 с.

Өтениязов, 1990 – *Өтениязов С.* Шоқанмен қайта кездесу. Алматы: Қазақстан. 1990. 240 б

Памятная книжка Западной Сибири, 1881 – *Памятная книжка Западной Сибири.* Омск: «Типография окружного штаба. 1881. 391 с.

Представление, 1896 – *Представление* их Императорским Величествам депутации от Тургайской области // *Тургайская газета.* 1896. № 74.

Рязанов, 1928 – *Рязанов А.Ф.* Очерки по истории национального движение Казахстана в 2-х частях (По материалам Центрального архива Казахстана). Издание о-ва изучения Центрального архива Казахстана). Кызыл-Орда.1928.296 с

Ташкентская, 1868 – *Ташкентская* депутация // *Туркестанский сборник.* Т. 2. Санкт-Петербург. 1868. С. 70-74

Трепавлов, 2020 – *Трепавлов В.В.* Иностранцы на царских коронациях: этническая политика империи в ритуальном воплощении // *Quaestio Rossica.* Т. 8. 2020. С. 164-175

Тургайская, 1896 – *Тургайская* депутация // *Тургайская газета.* 1896. № 75

Хафизова, 2019 – *Хафизова К.Ш.* Степные властители и их дипломатия в XVIII-XIX веках. Нур-Султан: Киси при Президенте РК.2019. 476 с.

Tuleshova, 2023 – *Tuleshova U.* The exemplary adaptation to imperial order: the Baitokin family's service, life and nobility // *Journal KazNU Bulletin of history.* № 3(110).2023. P. 87-93.

Wortman, 2004 – *Wortman R.S.* Scenarios of power: Myth and ceremony in Russian Monarchy in two volumes.M;OGI, 2004. Т.1. 605; Т.2. 790 p.

## References

Abbat Zhorzhel, 1878 – *Abbat Zhorzhel v Rossiyii (1799-1800 years) Abbot Georgel in Russia (1799-1800) // Drevnyaya i Novaya Rossiya.* 1878. № 7. 243-250 p. (In Russ.).

Aitmukhambetov, 2010 – *Aitmukhambetov A.A.* Kazakhskiyе sluzhashiye Rossiiskoi imperii: formirovaniye, professional'naya i obshchestvenno-politicheskaya deyatelnost' v XIX - nachale XX vv (istoricheskii aspekt): Kazakh civil servants of the Russian Empire: formation, professional and socio-political activity in the 19th-early 20th centuries (historical aspect): Avtoreferat dis., d-ra ist. nauk: 07.02.02. Semei. 2010. 39 p. (In Russ.).



Akhmetova, 2004 – *Akhmetova U.* Aryngazy Khan [Aryngazi Khan] LLP "A-Poligraphy". Aktobe. 2004. 165 p. (In Kaz.).

Deputaciya, 1895 – *Deputaciya* ot kirgizov Zakaspiiskoi oblasti v Petersburg [Deputation from the Kirghiz of the Transcaspien region to St. Petersburg] // *Novoe vremya*. 1895. № 6800. (In Russ.).

Deputatio, 1892 – *Deputatio* ot Uralskoi oblasti [Deputation from the Ural region] // *Osoboe pribavleniye k Akmolinskim oblastnim vedomostyam* 1892. №24. P. 4. (In Russ.).

German Goppe, 1896 – *German Goppe*. V pamyat' svyashennogo koronovaniya ikh imperatora velichestv Nikolaya Aleksandrovicha I Aleksandri Fedorovni 14 maya 1896 goda [In memory of the sacred rooting of the imperial majesties Nikolai Alexandrovich and Alexandra Feodorovna on May 14, 1896]. S-Petersburg: Knigoizdatel'stva. 1896. 344 p. (In Russ.).

Godovshina, 1896 – *Godovshina* prineseniye pozdravleniya ikh Imperatorskim velichestvam kirgizami Turgaiskoi oblasti [Anniversary of the congratulations to The Imperial Majesties by the Kirghiz of the Turgai region] // *Turgaiskaya gazeta*. 1896. № 4. (In Russ.).

Istoriya Kazakhstana, 2006 – *Istoriya Kazakhstana v russkikh istochnikah XVI-XX vekov*. O pochetneishikh I vliyatel'neishikh ordincakh [History of Kazakhstan in Russian sources of the 16th-20th centuries. About the most honorable and influential Horde members]. Almaty. Daik-Press. 2006. T. VIII. Ch. 2. 959 p. (In Russ.).

Istoriya Kazakhstana, 2006 – *Istoriya Kazakhstana v russkikh istochnikah XVI-XX vekov*. O pochetneishikh i vliyatel'neishikh ordincakh. [History of Kazakhstan in Russian sources of the 16th-20th centuries. About the most honorable and influential Horde members]. Almaty. Daik-Press. 2006. T. VIII. Vol. 1. 714 p. (In Russ.).

Istoriya Kazakhstana, 2007 – *Istoriya Kazakhstana v russkikh istochnikah XVI-XX vekov*. Narodniye predanya ob istoricheskikh sobityah I vidaushikhysya ludei Kazakhskoi stepi (XIX-XX vv) [History of Kazakhstan in Russian sources of the 16th-20th centuries. Folk legends about historical events and outstanding people of the Kazakh steppe (19th-20th centuries)]. T. IX. Almaty: «Daik-Press». 2007. 492 p. (In Russ.).

K risunkam, 1896 – *K risunkam*. Venok vozlozhennii nag rob Aleksandra III. [To the drawings. A wreath laid on the coffin of Alexander III.] - // *Turgaiskaya gazeta* 1896. № 4. (In Russ.).

Kasimbaev, 2001 – *Kasimbaev Zh.K.* Gosudarstvenniye deyateli kazakhskikh khanstov XVIII-pervoi polovini XIX veka-. T.4. Zhangir khan. (1801-1845 gg) (Lichnost' vo vzaimodeistvii s nomadnim obshestvom I s opredelennimi regionami). [Statesmen of the Kazakh Khanates of the 18th–first half of the 19th century. Vol. 4. Zhangir Khan (1801-1845) (Personality in interaction with nomadic society and adjacent regions)]. Almaty: Izdatel'skii dom «Nash Mir». 2001. 349 p. (In Russ.).

Kasymbaev, 2000 – *Kasymbaev Zh.K.* Kazakh-generalny imperii Russiiae. Generalis, Sultano-Regis Baimukhamed Aishuakovo (1790-1847) kniga pervaya. [Kazakh Generals of the Russian Empire. General, Sultan-Ruler Baimukhamed Aishuakov (1790-1847), the first book] -Almaty. 2000.-186 p. (In Russ.).

Kazancev, 1867 – *Kazancev I.* Opisanie Kirgiz-kaisak [Description of the Kirgiz-Kaisak]-Saint-Petersburg: Tipografiya tovarishstva «Obshestvennaya pol'za». 1867: 231 p. (In Russ.).

Khafizova, 2019 – *Khafizova K.Sh.* Stepniye vlastiteli i ikh diplomatiya v XVIII-XIX vekakh [Steppe rulers and their diplomacy in the 18th-19th centuries] -Nur-Sultan: Kisi pri Presidente Respublicy Kazakhstan. 2019. 476 p. (In Russ.).

Kundakbayeva, 2015 – *Kundakbayeva Zh.B.* Toikara-khanum-yarkaya zvezda pravyyashego doma kazakhov perioda zakata khanskoi vlasti//Kazakh khandigi tusindagi khandimdar men arular [Toykara-khanum - the bright star of the ruling house of the Kazakhs during the decline of the khan's power // Ladies and gentlemen during the Kazakh Khanate]-Astana. 2015. 300 p. (In Russ.).

Kundakbayeva, 2017 – *Kundakbayeva Zh.B.* Priobsheniya k novim formam social'noi kommunikatsii kazakhskoi eliti: posolstva Taikara khanum v Saint-Petersburg 1898/1899 r [Initiation to new forms of social communication of the Kazakh elite: the embassy of Taikara Khanum in St. Petersburg 1898/1899] // *Otan tarihi*. 2017. № 2. S. 127-138. (In Russ.).

Kuvichenkov, 1882 – *Kuvichenkov D.T.* Istoriya koronovaniye gosudarei. [History of the coronation of sovereigns.]. St. Petersburg: Tipo-Litografiya Bratiyev Markovih. 1882. 46 p. (In Russ.).

Lisenko, 2018 – *Lisenko N.A.* «Deputatskiye missii» kazakhskikh khanov, sultanov i rodopravitelei ko dvoru Rossiiskikh imperatrov v pervoi polovine XIX v. [“Deputy missions” of Kazakh khans, sultans and rulers to the court of Russian emperors in the first half of the 19th century] // *Bylye Gody*. 2018. Vol. 50. Is. 4. E-ISSN: 1518-1529 p. (In Russ.).

Narody Rossii, 1873 – *Narody Rossii*. XII. Kirgizi [Peoples of Russia. XII. Kirghiz] // *Niva*. 1873. № 5. 74-79 p. (In Russ.).

Nebol'sin, 1860 – *Nebol'sin P.I.* Puteshestvuyushiy kirgizi [Traveling Kirghiz] // *Sovremennaya letopis' Russkogo Vestnika*- Moskva: V tipografii Katkova i K. 1860. T. 29. S. 41-49. (In Russ.).

Norekenov, 1895 – *Norekenov T.* Iz poezdki v Petersburg [From a trip to Petersburg] // *Kirgizskaya stepnaya gazeta*. 1895. № 6. 1-2 p. № 7. 1-2 p. (In Russ.).



O Turkestanskoi, 1868 – *O Turkestanskoi deputacii*[About Turkestan deputation] // Turkestan collection. T.2. St. Petersburg. 1868. P.59-64. (In Russ.).

Oblastnaya, 1895 – *Oblastnaya khronika*. Podneseniye ot Turgaiskikh kirgizov[Regional Chronicle. Presentation from the Turgai Kirghiz //Turgaiskaya gazeta.1895. № 4. (In Russ.).

Opisaniye,1856 – *Opisaniye svyashenneishego koronovanya ikh imperatorskih velichestv gosudarya imperatora Aleksandra Vtorogo I gosudarini imperatrici Marii Aleksandrovni vsei Rossii*. [Description of the most sacred coronation of the imperial majesties the sovereign emperor Alexander II and the empress Maria Alexandrovna of all Russia. //Saint-Petersburg.1856.108 p. (In Russ.).

Oteniyazov, 1990 – *Oteniyazov S.* Shokanmen kaita kezdesu.[Meeting again with Shokan]. Almaty: Kazakhstan. 1990. 240 p. (In Kaz.).

Pamyatnaya, 1881 – *Pamyatnaya knizhka Zapadnoi Sibirii*. [Memorial book of Western Siberi ]-Omsk «Tipografiya okruzhnogo shtaba». 1881.102 p. (In Russ.).

Predstavleniye, 1896 – *Predstavleniye ikh Imperatorskim Velichestvam deputacii ot Turgaiskoi oblasti*[Presentation to Their Imperial Majesties of the Deputation from the Turgai Region]// Turgaiskaya gazeta.1896. №74. (In Russ.).

Ryazanov, 1928 – *Ryazanov A.F.* Ocherki po istorii nacional'nogo dvizheniya Kazakhstana v 2 chastyakh (Po materialam Central'nogo Archiva Kazakhstana). Izdanie o-va izucheniya Central'nogo archiva Kazakhstana).[Essays on the History of the National Movement of Kazakhstan in 2 Parts (Based on Materials from the Central Archives of Kazakhstan). Published by the Society for the Study of the Central Archives of Kazakhstan.-Kzyl-Orda. 1928. 296 p. (In Russ.).

Tashkentskaya, 1868 – *Tashkentskaya deputaciya* [Tashkent Deputation] // Turkestanskii sbornik.T.2. St. Petersburg.1868. P.70-74. (In Russ.).

Trepavlov, 2020 – *Trepavlov V.V.* Inorodci na carskikh coronaciyakh: etnicheskaya politika imperii v ritual'nom voploshenii[Foreigners at royal coronations: Ethnic Policy of the Empire in Ritual Incarnation] // Quaestio Rossica. T. 8. 2020. S. 164-175. (In Russ.).

Tuleshova, 2023 – *Tuleshova U.* The exemplary adaptation to imperial order: the Baitokin family's service, life and nobility //Journal KazNU Bulletin of history. № 3(110).2023. P. 87-93.

Turgaiskaya, 1896 – *Turgaiskaya deputaciya* [Turgay deputation] //Turgaiskaya gazeta.1896. №75 (In Russ.).

V pamyat,1883 – *V pamyat' sveshennogo koronovanya gosudarya imperatora Aleksandra III gosudarinii imperatrici Marii Fedorovni*. [In memory of the sacred coronation of Emperor Alexander III and Empress Maria Feodorovna. -Saint-Petersburg. «Tipografiya V.V.Komarova.1883. 469 p. (In Russ.).

Wortman, 2004 – *Wortman R.S.* Scenarios of power: Myth and ceremony in Russian Monarchy in two volumes.M;OGI, 2004. T.1. 605; T.2. 790 p.

Zhakmin, 1883 – *Zhakmin V.I.* Coronaciya russkih imperatrov I imperatric. 1724-1856 [Coronation of Russian emperors and empresses. 1724-1856] // Russkaya starina.1883.T.37.499-538 p. (In Russ.).

Zhanaev, 2020 – *Zhanaev B.T.* Kazakhskiy deputacii k Russiiskomu Imperatirskomu dvoru 1801-1873. [Kazakh deputations to the Russian imperial court 1801-1873]-Almaty “Kazakh University”. 2020. 860 pp. (In Russ.).





## МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

### ОТАН ТАРИХЫ 2024 № 27 (4)

#### МЕТОДОЛОГИЯ / METHODOLOGY

<b>Әлімбай Н., Қакабаев Б.С., Смагулов Б.К.</b> ҚАЗАҚТЫҢ ЕЖЕЛГІ АС-ТАҒАМ ЖҮЙЕСІНІҢ ТАРИХИ ЭТНОГРАФИЯСЫ (XVIII – СОВЕТТІК КЕЗЕҢНІҢ АЛҒАШҚЫ ОҢЖЫЛДЫҒЫ).....	829
---	-----

#### ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

<b>Абдрахим М.Е.</b> КАЗАХСКИЕ ЧИНОВНИКИ СЕМИРЕЧЕНСКОЙ ОБЛАСТИ (II ПОЛОВИНА XIX – НАЧАЛО XX ВЕКОВ): ОБЗОР ЗАРУБЕЖНОЙ ИСТОРИОГРАФИИ.....	871
<b>Аяган Б.Г.</b> ВЗАИМООТНОШЕНИЯ ЗАКИ ВАЛИДИ ТОГАН С КАЗАХСКИМИ АВТОНОМИСТАМИ В ПЕРИОД 1917-1930-Х ГОДОВ.....	889
<b>Бейсембаева А., Арпова А.</b> НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ВНЕШНЕЙ ПОЛИТИКИ УАЛИ ХАНА В СЕР. XVIII – НАЧАЛЕ XIX ВЕКОВ: НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ МАТЕРИАЛОВ.....	905
<b>Болатхан А., Калыбекова М.Ч.</b> «УКАЗНИКИ» В СИСТЕМЕ СПЕЦПОСЕЛЕНИЙ.....	925
<b>Дёнингхаус Виктор (Германия), Савин А.И. (Россия)</b> «КАК БЫ УКАЗ О ЕВРЕЯХ НЕ ОТМЕНЯТЬ, А ДЕ ФАКТОМ НЕ ПРИМЕНЯТЬ» Л.И. БРЕЖНЕВ, РАЗРЯДКА И ЕВРЕЙСКАЯ ЭМИГРАЦИЯ ИЗ СССР В 1972-1973 ГГ.....	951
<b>Jalilov A.M., Shashaev A.K., Muldakhmetova Z.I.</b> BRIEF HISTORIOGRAPHY OF DEPORTATION TO THE USSR IN THE 30-50 YEARS OF THE TWENTIETH CENTURY.....	966
<b>Кабульдинов З.Е.</b> ПЕРЕГОВОРЫ АБЫЛАЯ С РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИЕЙ С ПРОСЬБАМИ О ПРЕДОСТАВЛЕНИИ ВОЕННОЙ ПОМОЩИ.....	977
<b>Карибаева А.С., Атангаева Б.Ж., Абеннова Г.А.</b> ЭКОНОМИЧЕСКИЙ СЛЕД ПЕРЕСЕЛЕНЦЕВ: ДЕПОРТИРОВАННЫЕ НЕМЦЫ В ИСТОРИИ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА.....	993
<b>Каскабасова А.А., Отепова Г.Е., Ыскак А.С.</b> ДОКУМЕНТЫ ДЕЛОПРОИЗВОДСТВА КАК ИСТОЧНИК ПО ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА XVIII - НАЧАЛА XX ВВ.....	1007
<b>Қайполла Қ., Қыдыр Т.Е.</b> МӘМЛҰҚ-ҚЫПШАҚТАРДЫҢ АТБЕГЛІК ЖӘНЕ ЖАҰЫНГЕРЛІК ӨНЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ЕРЕКШЕЛІГІ.....	1027
<b>Kartova Z.K., Abuov N.A.</b> NEW NARRATIVE SOURCES IN THE CONTEXT OF STUDYING THE HISTORY OF KAZAKHSTAN.....	1038
<b>Kenzheakhmet N., Qaldibek M.</b> RESEARCH ON THE QAZAQ, CHINESE, MANCHU DOCUMENTS IN THE XINJIANG ARCHIVES.....	1051
<b>Сайфулмаликова С.С., Жолсейтова М.А.</b> ҚАЗАҚ ДЕПУТАЦИЯСЫ РЕСЕЙ ИМПЕРАТОРЫНЫҢ САРАЙЫНДА: ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТЫҢ СИПАТТАМАСЫ (XIX ҒАСЫР).....	1068
<b>Сатенова М.Р., Джандосова З.А. (Россия)</b> К ВОПРОСУ ИДЕНТИФИКАЦИИ ЛИЧНОСТИ СУЛТАНА РУСТЕМА.....	1088

#### АРХЕОЛОГИЯ / ARCHAEOLOGY

<b>Жалелов А.А.</b> ЭПИСТОЛЯРНЫЕ ИСТОЧНИКИ ПО ИСТОРИИ АРХЕОЛОГИЧЕСКОГО ИЗУЧЕНИЯ КОСТАНАЯ В 1930-Е ГОДЫ.....	1104
<b>Тажекеев А., Курманиязов Ы.</b> ПРИАРАЛЬЕ В ЭПОХУ ПОЗДНЕГО КАМЕННОГО ВЕКА И БРОНЗЫ. ХАРАКТЕРИСТИКА КУЛЬТУР.....	1119



**Редакцияның мекен-жайы:**

050100, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көшесі, 28  
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты  
«Отан тарихы» журналының редакциясы

Сайтқа сілтеме: <https://otan.history.iie.kz>

Тел.: +7 (727) 272-46-54.

E-mail: [otanhistory@gmail.com](mailto:otanhistory@gmail.com).

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде  
1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге  
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

---